

Қарғыннан әзірге қауіп жоқ



2-бет

Жаңа бұйрық жария болды сабақта ұялы телефон ұстау шектелмек



5-бет

Көтерген аспан туы – ол Наурыз



6-бет



ҚАЗДАУЫСТЫ ҚАЗЫБЕК БИ: СӨЗДІҢ АТАСЫ – БІРЛІК, АНАСЫ – ШЫНДЫҚ  
**ORTALYQ QAZAQSTAN**  
Қ А Р А Ғ А Н Д Ы О Б Л Ы С Т Ы Қ Қ О Ғ А М Д Ы Қ - С А Я С И Г А З Е Т І

1931 жылдың 4 қазанынан бастап шығады

www.ortalyq.kz www.instagram.com/ortalyq.kz

БЕЙСЕНБІ, 16 НАУРЫЗ, 2023 ЖЫЛ №30 (23 206)

www.facebook.com/ortalyq.kz info@ortalyq.kz

## Қымбатшылықпен күрес: Үкімет енгізген тетіктер



ПРЕЗИДЕНТ ТАПСЫРМАСЫН ОРЫНДАЙ ОТЫРЫП...

Қазақстанның әр аймағында азық-түлік тауарларының өнірлік тұрақтандыру қоры бар. Аты айтып тұрғандай, қор облыстағы азық-түлік бағасын ауыздықтауға селбесуі тиіс. Нарықта сұраныс жоғары, халық күнделікті тұтынатын азық-түлік түрлерінің жеткілікті болуын қадағалайды.

Қазіргі қымбатшылық кезеңде қордың жұмысынан кінәрат шықпауы тиіс. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев та сайлауалды бағдарламасында азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етуді басты міндеттердің қатарында атады. Сәйкесінше, Үкімет қауіпсіздікті қамтамасыз етудегі құралдардың бірі ретінде қор тетіктерінің ықпалын күшейтуді қарастырады.

Әйтсе де, азық-түлік бағасының өсуін тежеу қиынға соғатын түрі бар. Айта кетейік, америкалық DATAmetrics сараптама орталығының дерегіне, қазақстандықтар жалақысының жартысынан астамын тамаққа жұмсайды екен...



Коллаж жасаған Ш.Алибекова

Нұрқанат ҚАНАПИЯ,  
«Ortalyq Qazaqstan»

пайыздық сүттің бір литрі – 355 теңгеге, қанттың келісі – 454 теңгеге, күріштің келісі 383 теңгеге бағаланды.

Бағаны бір межеде ұстап тұруда тұрақтандыру қорына артылған жүк ауыр. Қордың арқасында өндіруші мен тұтынушы өзара тікелей байланыс орнатып, делдалды айналып өтеді. Президенттің пікірінше, көп жағдайда бағаның жөн-жосықсыз өсуіне делдал да кінәлі екен.

«Өнім дүкен сөрелеріне жеткенше бағаның бірнеше сатысынан өтетіні жасырын емес. Сондықтан, жеткізу тізбегінен делдалдарды жою, ауыл шаруашылығы өнімдерін өткізу үшін логистиканы жолға қою аса маңызды» деген Қасым-Жомарт Кемелұлы делдалдық схемаларды тергейтін өңірлік комиссияларға алысатарлықты, сөз байласуды және заңсыз сауда белгілерін анықтау бағытындағы жұмысты жандандыру туралы тапсырған еді.

Сондай-ақ, геосаяси ахуалдың да қымбатшылыққа келіп отырғанын айтып, импортқа тәуелділіктен құтылу тетіктерін енгізуді міндеттеді.

«Біздің импортқа тәуелділігімізді төмендету үшін 2024 жылға дейін азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету жоспары қолданылады. Мемлекет форвардтық

несиелеуге 100 млрд. теңгеден аса қаржы бөледі жоспарлап отыр. Бұл фермерлерге көктемгі егіс жұмыстарын уақытылы жүргізуге және күзде өнімнің кепілді өткізілуіне мүмкіндік береді», – деді Мемлекет басшысы.

Үкіметтің ақпан айындағы отырысында Премьер-Министр Әлихан Смайылов та биылғы негізгі міндеттердің бірі жыл қоры

бағаны ұстап тұру бойынша белсенді жұмыс жасау керек. Және бұл бағыттағы жұмыс тиімділігін арттыру үшін қажетті жағдай толық қарастырылған.

Бүгінде бағаны тұрақтандыру тетіктері өзгерді. Мәселен, Үкіметтің қаржысы «айналым схемасын» айналып өтеді. Яғни, қарыз тұтынушы мен өндіруші арасындағы сауда ұйымына емес, тікелей

тапшылықта төмен бағамен сөреге шығарылады.

Сондай-ақ, форвардтық келісімшарт арқылы сатып алу тетігі жолға қойылды. Бұл ережеге сәйкес, қор сатып алған өнімді бұрынғыдай өз қоймаларында емес, өндірушінің қоймасында сақтайды. Бұл логистикаға, сақтауға кететін басы артық шығынды жояды.

► 4-бет

• ЖАҒЫМДЫ ЖАҒАЛЫҚ

## Өртенген алқап өңделеді

Биыл Қарағанды орман шаруашылығында өртенген кейін 40 гектардан астам жер тазартылады. Кіріпші зауыты маңында тазартылған аумаққа болашақта жаңа көшеттер отырғызылмақ.

Жан АМАНТАЙ,  
«Ortalyq Qazaqstan»

Есте болса, өткен жылдың жазында аталған аумақта өрт тіркелген. Қазір мұндағы өрт орындары тыңайтылып, орнын қайта абаттандыру жоспары бар. Орманшылар бүгінгі таңда екі гектар жерді тазартып үлгерген.

– Алқаптарды тазартқан соң, өртенген ағаш діңгектерін жою жоспарлануда. Әрі қарай, жұмыс жобасы жасалады. Содан кейін екі жылдық топырақты өңдейді. Жобада отырғызу схемалары, отырғызылатын тұқымның ассортименті және отырғызылатын көшеттер мөлшері көрсетіледі. Алғашқы көшеттерді отырғызу 2026 жылға жоспарланып отыр, – деді табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасының басшысы Бақтияр Санбаев.



• АЙТАЙЫН ДЕГЕНІМ...

## Ата-аналар жиналысына әкелер неге бармайды?

Шынында, ата-аналар жиналысына баратын әкелердің қатары аз. Неліктен? Бұл – көптен елдің көкейінде жүрген мәселе. Сала мамандардың айтуынша, баланың тұлға болып қалыптасуында әкелің ролі ерекше. Ынжық, жігерсіз, пайдасыз іске әуес жас буынның көбеюі де бала тәрбиесіндегі әке орнының бос қалуымен байланысты екені айтылуда. Бұған әкелерді кінәлай аламыз ба? Өкінішке қарай, әкелердің көбі жұмысбасты да, аналар үйде бала тәрбиесімен айналысады. Кей әкелер перзентінің сабағын қадағаламақ түгілі, нешінші сыныпта оқитынын да білмейді. Тарқатып көрейік...

Жәлел ШАЛҚАР,  
«Ortalyq Qazaqstan»

Әке – асыраушы

Әр тоқсан біткенде ата-аналар жиналысы өтеді. Бара қалсаңыз, бірен-саран әке болмаса, ылғи аналар отырады. Негізі, бала тәрбиесі – әке-шешеге ортақ парыз. Алайда, күнделікті өмірде бала тәрбиесінде аналар белсенділік танытып, әкелер күйбең тірліктің жұмыстың қамымен жүріп қалуы үйреншікті жағдайға айналып барады. Той-томалақта да әйелдер бір қолына баласын көтеріп тұрып тілек айтады. Көшеде, автобуста баласын жетекке алып, екінші қолына азық-түлік үйіп көтеріп, арқаланып жүреді. «Неліктен бала тәрбиесінде әкелер белсенді емес, отбасы мүшелері неге әкеге тек асыраушы ретінде қарайды?» деген сұрақты мұғалімдерге, ата-аналарға, мектеп басшыларына қойып көрдік.

Майкұлдың төменгі жағында орналасқан №61 аралас мектептің директоры Гүлзада Маженова кейде аналар шеше алмайтын мәселелер туындайтынын айтады.

үлесінде. Ал, жуырда жоғары сыныптардың ата-анасы жиналғанда арасында жеті ер адам болыпты. Сынып жетекшілердің де басым бөлігі әйел мұғалімдер. Осы мысалдан-ақ көп нәрсе аңғаруға болады...

«Қызым 11 сынып оқиды. Бірінші сыныптан бастап, жиналысына әкесі қатысады. Қыздар

әкелің балаға көп көңіл бөлмегені аңғарылады. Әкелің ескертуі, арасында кейіп алуы керек-ақ. Ал, жалғызбасты аналар баласын кадет сыныбына береді. Өйткені, анасы мың жерден мықты болса да, әкелің орнын бас алмайды. Әке мейірімі мен қаталдығы жетіспейді. Сондықтан, әкелер перзентің қадірін білгені жөн. Алдағы уақытта мектептен «Әкелер» клубын ашу ойда бар. Десек те, ол жақсылап пысықталуы керек. Тек, әкелер тәрбие жағынан көмектесе екен. Әкесі көңіл бөлмеген бала жаман әдетке әуес болады. Ұлдарды патриоттыққа тәрбиелеуде әкелердің көмегі аздай қажет. Мәселен, мектептерде түрлі қорқынышты жағдайлар орын алып жатыр. Әке көрген ұлдар кез келген жағдайда мектепте қауіпсіздікті қамтамасыз ете алады» – дейді Гүлзада Серікқызы.

Мұғалімдерден сұрастырғанымызда толық емес отбасылардың қатары көбейгенін де жасырмады. Оқушылардың көбін анасы жалғыз бағып-қағып, өсіруде. Әкелер қауымының басым бөлігі вахталық әдіспен басқа қалаларда, кейбірі тіпті, шет елдерде жұмыс істейді. Сол себепті, әкелердің біразы бала тәрбиесін аналардың мойнына артып қойған. Кейбір әкелердің үйде бар-жоғы да білінбейтін кездер де кездеседі екен.

Ал, Қарағандыдағы №2 Білім-инновация лицей-интернатында ұлдар мен қыздар жеке оқытылады. Алғашында ұлдар мектебіне басшы болған Қанат

Әлімжанұлы әкелермен тығыз жұмыс атқарған. Бірігіп, спорттық шаралар өткізген. Шымкент, Павлодар, Астана мектептерінің әкелерімен қарым-қатынас жасап, тәжірибе алмасыпты. Кейін ұлдарға әкелердің көмегімен мал союды, жіліктеуді, тұздауды, мүшелеп табақ тарту жөнінде шеберлік сағаттар ұйымдастырылыпты.

Анада мейірім, әкеде талап бар

«Қазір БИЛ-дың қыздар мектебінде басшымын. Мұнда да әкелерді түрлі іс-шараға шақырамыз. Атап айтсақ, жылда Алғыс айту күнінде әкелерді жинап, концерт қояды оқушылар. Әкелерге алғысын ақтарады. Тәтті тағамдар пісіріп, аукцион жасайды. Бұл әкелердің баласы үшін қаншалықты қаржы жұмсауға дайын екенін байқауға септігін тигізе алады. Тағы бір айта кетерлігі ұстаздар ата-аналарды мазалап, мектеп өміріне тарта білуі ләзім. Баласынан айтып жіберсін. Оқушы кезімізде күнделімізге жазып жіберетін. Ұстаз ата-ананы қозғаса, баланың да ынғасы оянады. Осылай үш жақты қарым-қатынас басталады. Бала да әкесін жиналыстан қалдырмауға тырысады. Кей әкелер біздің мектепті өз үйіңдей көреді. «Тіпті, кейде мектептен араласу жақсы екен ғой. Бұрын қалай байқамағанбыз. Спорттымыз да бар» деп риза болып жатады» дейді білім ордасының басшысы Қанат Егенбердиев.

► 4-бет

ВАЛЮТАЛАРДЫҢ РЕСМИ БАҒАМДАРЫ:

•EUR/KZT 490.75

•USD/KZT 458.22

•RUB/KZT 6.09

•CNY/KZT 66.06

Қазақстан Ұлттық Банкінің 15 наурыз, 2023 жылғы дерегі бойынша



• МЕЗГІЛ МӘСЕЛЕСІ

# Қарғыннан әзірге қауіп жоқ

Қар көбесі сөгілді дегенше, тасқын қауіпі күшейеді. Қапы қалмас үшін қарекет қажеттігін бұрнағы жылдар ұдайы еске салып жүр. Қарғыннан қатер әзірге Қарағандыға төнген жоқ. Қарағанды облыстық төтенше жағдайлар департаментінің мәлімдеуінше, аймақта жағдай бүгінде бірқалыпты. Облыс аумағының 75 пайызын қар басып жатыр. Тек Нұра өзенінде кейінгі жылдардағы нормамен салыстырғанда жинақталған су қоры 28 пайызға артық. Өзгесінде нормадан 3-10 пайызға төмен. Оларда сен жүргенде арнасынан асып кетпеуі үшін сірескен көк мұзды бұрғылау жұрп жатыр. Бұдан бөлек, су өтетін құбырлар, арыстар аршылууда.

Жалпы, жария етілген деректерге сүйенсек, өңірде 150-ге жуық елді мекен мен 100-ге жуық көлік жолына қызыл судан қауіп бар. Жердің тоны орташа есеппен 160 см-ге жуықтайды. Облыс бойынша төтенше жағдайдың алдын алу үшін бюджеттен 3 миллиард теңге бөлінген. Тасқынға тосқын қою үшін 3,5 мыңға жуық адам және 1200 техника сақадай сай.

– Тасқын сулардың апатсыз өтуі үшін су бұру, арық жүйелерінің дайындығын барлық жерде қамтамасыз ету қажет. Сондай-ақ, жеке аумақтарды қармен қорықтан тазарту жөнінде халыққа түсіндіру жұмыстарын жандандырыңыз, – деді өңір басшысы. Сонымен қатар, барлық гидрокұрылыстардың дайындығы мен жұмысы тұрақты бақылауда. Аптаның соңына дейін автожолдардағы су өткізу құрылыстарын тазалауды аяқтау қажет.

Негізі, департамент тарапынан

Қызғалдақ АСҚАРҚЫЗЫ, «Ortalyq Qazaqstan»

– Ғарыштан бақылау қазіргі уақытта облыс аумағының 75 пайызы қар астында жатқанын көрсетті. Облыстағы ірі су қоймаларынан су жіберілуде. Атап айтқанда, Самарқанд және Ынтымақ суқоймаларынан секундына 5-8 текше метр су жіберіледі. Елді мекендерден 2,1 млн. текше метр қар шығарылды. Су басу қауіпі бар аймақтарда алдын алу жұмыстары жалғасуда, – дейді төтенше жағдайлар департаментінің басшысы Мұрат Қатпанов.

Бұқар жырау ауданы мен Теміртау қаласының маңындағы Нұра өзенінде мұз кептелістерінің алдын алу үшін мұзды кесу және бұрғылау жұмыстары қауырт. Мұз жамылғысының әлсіреуі де мұздың жылжуы кезінде өзеннің толып кетуіне жол бермейді. Су тасқыны қауіпі бар өңірлерде алдын алу шаралары жалғасуда. 110



шакырым су бұру траншеялары тартылды. 158 шакырым каналдар мен арықтар тазартылды. 3286 бірлік су өткізгіш құбырлар мен 281 көпір тазартылды.

Облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаев тарапынан алдын алу шаралары бойынша құзырлы орындарға нақты тапсырмалар берілді.

басқару ұйымдары үшін тасқынға қатысты жұмыс алгоритмі жасалған. Елді мекендерде төтенше жағдай туындағанда басшылыққа алатын нұсқаулықтар әзір.



## «Наурыз айы келгенде...»

Аймақта Ұлыстың ұлы күнін мерекелеу кешегі амал күнінен басталды. Ол наурыздың 23-іне дейін жалғасады. Мереке аясында ән-күй ғана әуелеп қоймайды. Оған қоса, жүректенді жылытар, жанды жұбатар қайырымдылық акциялары да өтеді. Мұның сыртында, бұлақ көзін ашып, ағаш отырғызу сынды экологиялық мақсаттағы игі істер де баршылық. Жалпы, өңірдің Наурыз мейрамына дайындығы туралы облыс әкімінің аппарат отырысында мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасының басшысы Еркебұлан Жұмақенов баяндады. Басқарма басшысының айтуынша, тоғыз күн әр тақырыпқа арналған және сол тұрғыда шаралар ұйымдастырылады. 22 наурыз күні аймақтың аудан-қалаларында 302 киіз үй құрылады екен.

Қызғалдақ АСҚАРҚЫЗЫ, «Ortalyq Qazaqstan»

Өр күнге белгіленген тақырып сол күннің мән-мазмұнын ашақ. Ол күндер танымды, тарихты, дәстүрді, ілім мен білімді қамтиды. Ал, негізгі мерекелік шара әдеттегідей 21-22 наурызда кең ауқымда аталады.

– Облыстың қала-аудандарында негізгі мерекелік шаралар 21-22 наурызда этноауылдар аясында, театрландырылған қойылым, концерт, спорттық жарысқа ұласып өтеді. Облыс бойынша 302 киіз үй орнатылады, – деді Еркебұлан Жұмақенов.

Қарағандыда басты мерекесі 22 наурызда. Қалада 31 ақ боз үй тігіледі. Орталық саябақтың жағалауында театрландырылған қойылым көпшілік

назарына ұсынылады. Ұлттық спорт та ұмыт қалмайды. Қолөнершілердің туындылары жиналғандардың көзайымына айналмақ. Кеншілер мәдениет сарайындағы Бұқар жыраудың 355 жылдығына арналған «Армысың, өз Наурыз!» атты республикалық айттық мерекесі көркіні қыздырмақ екен.

Осындай ілімді істер әр аудан, қалада да жалғасын табады. Мәселен, Шет ауданында «Біздің көше тұрғындары» тату көршілік байқауы өтсе, Абай ауданының этномәдени бірлестіктері мерекесі мәнін кіргізе түседі. Саран қаласында «Алтын мұра» хореографиялық өнер фестивалі, Приозерск қаласында құрақ құрау, Қарқаралы қаласында сатирик М.Томырзаның 55 жылдығына арналған әзіл-сықақ байқауы Наурызға орайластырылып іске асады.

# Адам құқығы басты назарда

Ілкімді 4-5 жыл мұғдары – еліміздің азаматтық тарихында «Тоқаев реформалары» деген атпен қалатыны сөзсіз. Оған ғалым, зерттеуші ретінде еш шек келтірмеймін. Себебі біз бүгінде елдегі аса маңызды тарихи өзгерістерге куә болып отырмыз. Жалпы, Ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың реформаларының ерекшелігі – олардың нақтылығында екенін атап өту қажет. Ол – алдағы 30 жылдық, 50 жылдық стратегия емес. Күнделікті шешілуі керекті істен шыққан өзгерістер легі. Конституцияға өзгерістер енгізу, Конституциялық Сот институттарын жанартуға қатысты реформалары – соның бір парасы.

Оған заңда көрсетілген лауазымды адамдар ғана емес, сондай-ақ олардың конституциялық құқықтарын тікелей қозғайтын мәселелер бойынша істерді қарауға бастамашылық жасауға құқығы бар азаматтар да, егер олар басқа соттардың қарауында болмаса, Конституциялық Сотқа жүгіне алады. Қолданыстағы заң



лерін қамтамасыз етуге байланысты талап-арыздарды да қарайды. Конституциялық Сот тәуелсіз Қазақстанда конституционализмнің дамуында маңызды роль атқарды.

Біздің ойымызша, мемлекеттік билік механизмінде Қазақстан Республикасының Конституциялық Сотын құру биліктің бөліну принципіне, конституциялық процесстің үздіксіздігіне және қайтымсыздығына және мемлекеттік органдардың қоғам мен халық алдындағы жауапкершілігіне, азаматтарға, саяси партиялар мен қоғамдық бірлестіктерге өздерінің бұзылған құқықтарын тікелей қорғауға мүмкіндік береді.

Сонымен қатар, Конституциялық Соттың құрылуы Конституцияның нормативтілігін қамтамасыз ету, конституциялық құрылыс негіздерін, адамның құқықтары мен бостандықтарын қорғау тиімділігін арттырып, ойдан шығарылған емес, шынайы конституционализмнің орнығуына ықпал етеді.

**Болат СЕЙТХОЖИН,**  
заң ғылымдарының кандидаты, доцент

Баршаңызға мәлім, Президент Конституциялық сот институтын жанартуды ұсынды. 2023 жылдың 1 қаңтарынан бастап, әрбір қазақстандық Конституциялық сотқа жүгінуге құқылы.

Конституциялық Сот Конституциялық кеңестің базасында құрылады. Ол биліктің сот тармағына жатпайды, бірақ негізгі заңның үстемдігін қамтамасыз ететін орган.

Конституциялық Сот төрелігі – соттық қорғалудың ең жоғары шыңы. Өйткені Қазақстан Республикасының Конституциялық Соты бүкіл еліміздің аумағында Қазақстан Республикасы Конституциясының үстемдігін қамтамасыз етеді. Бұл – Конституциялық Сот бақылауын жүзеге асыратын, заңдарды және кейбір басқа да актілерді Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкес немесе сәйкес емес деп ерекше



тәртіппен танытын мамандандырылған сот органы. Яғни, Қазақстандағы конституциялық бақылаудың басты органы.

ның барлық актілері Конституциялық Соттың қарау нысанасы.

Конституциялық Сот азаматтардың өмірлік маңызды мүдде-

Гүлшүр СЕРІКЖАНҚЫЗЫ, «Ortalyq Qazaqstan»

Ирақтағы халықаралық бітімгершілік операцияға қатысқан Тәжік-Ауған учаскесінде міндеттерді орындаған әскери қызметшілер мен Таулы Қарабақта этносаралық қақтығысты реттеуге қатысқан адамдарға 200 мың теңгеден беріледі. Социалистік Еңбек Ерлеріне, үшінші дәрежелі Даңқ ордені иегерлері, үшінші дәрежелі «Еңбек Даңқы» орденінің иегерлері және «Қазақстанның Еңбек Ері» атағы берілген азаматтар 200 мың теңгеден алады. АИТВ жұқтырған балалар 243 402 теңгеден, «Туберкулез» ауруына шалдыққан адамдарға 17 250 теңгеден берілетін. Сонымен қоса, Ұлы

Отан соғысының ардагерлері мен мүгедектері коммуналдық қызметтерге 10 000 теңгеден алады.

Сондай-ақ, жалғызбасты зейнеткерлер мен аз қамтылған отбасылар үшін азық-түлік жиынтығын табыстау және мүмкіндігі шектеулі балаларға көмек көрсету секілді қайырымдылық іс-шаралар өткізу жоспарланған.

«Шаңырақ» көпбалалы отбасыларды қолдау орталығы мен «Тең-Қоғам» орталығының базасында мерекелік түскі ас, ұлттық тағамдардың дәмін тату, шай ішу және концерттік бағдарлама және көпбалалы отбасылар, мүмкіндігі шектеулілер арасында байқау өткізіледі. Барлығы 3000-нан астам адамды қамту жоспарлануда.

# Гүлденсе ауыл...

Биыл «Ауыл – Ел бесігі» жобасы еліміздегі 736 ауылды жарылқауы тиіс. Бұл ауылдарда 1,5 мыңнан астам жоба жүзеге аспақ. Ауылдағы ағайынның өмір сапасын жақсартуды көздейтін аталған бағдарлама Қарағанды облысында да жалғасады. Қоян жылы тізімге аймағымыздан 32 ауыл еніп отыр.

Нұрқанат ҚАНАПИЯ, «Ortalyq Qazaqstan»

Биылғы 1 қаңтарда елімізде 6295 ауылдық елді мекен бары анықталды. Бұл жерлерде 7,5 миллион адам тұрады.

«Ауыл – Ел бесігі» 2019 жылдан бастап іске қосылды. Жобаның мақсаты – ауылдық аумақтарды дамыту екені белгілі. Жоба аясында әлеуметтік және инженерлік инфрақұрылымды дамыту, әлеуметтік игіліктердің қолжетімділігін қамтамасыз ету, ауыл тұрғындары үшін жайлы өмір сүру ортасын құру жөніндегі шаралар іске асырылып келеді.

Ұлттық экономика министрінің орынбасары Бауыржан Омарбековтің сөзіне сенсек, 2019-2022 жылдары жобаға 326 млрд. теңге бөлінді. Үш жылда 3,7 мыңнан астам жоба сәтпен мәреге жетті.

Алдымен, елді мекендердің

жалпы санынан даму әлеуеті жоғары 3,5 мың ауыл іріктелді. Аталған ауылдарда ауылдық жер тұрғындарының 90 пайызы тұрады. Оның ішінде, 1,2 мың тірек ауыл және сол ауылдар айналасындағы 2,3 мың спутниктік ауылдар бар. Жобаларды қаржыландыру, негізінен, республикалық бюджеттен жүргізіледі.



Өңірлік стандарттар жүйесі көрсеткендей, атқарылған жұмыс нәтижесінде, 2021 жылы ауылдардағы тіршілікті қамтамасыз ету нысандарының қолжетімділігі орта есеппен 64 пайызды құра-

ды. Тарқатып айтқанда, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы бойынша – 334 жоба, әлеуметтік инфрақұрылым бойынша – 1200 жоба және көлік инфрақұрылымы бойынша 2200 жоба жүзеге асты. Соңғы жылдары барлығы 1031 ауыл тұрғыны дәуір игілігіне қол жеткізді.

Бүгінде жобаға кірген ауылдарда қажет инфрақұрылымды тұрғызу жұмыстары қарқынмен жалғасуда. – Ауылдық елді мекендердің дамуына жүргізілген талдау көрсеткендей, ауылдардың 78 пайызы – сумен жабдықтау қызметтерімен, 77 пайызы интернетпен қамтамасыз етілген. Жергілікті маңызы бар жолдардың 90 пайызы – нормативтік жағдайда. Сондай-ақ, ауылдардың 82,6 пайызында – денсаулық сақтау объектілері, 81 пайызында – білім беру объектілері, 59 пайызында спорт және мәдениет объектілері жұмыс істеп тұр, – дейді Бауыржан Бақытұлы.

Биыл жобаға 143 млрд. теңге бөлінді. 736 ауылда 1,5 мыңнан астам жоба қолға алынады. Бұдан бөлек, 2023 жылғы республикалық бюджетті нақтылау шеңберінде қосымша 55 млрд. теңге бөлу жоспарлануда. Қомақты қаржы 120-дан астам тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, 275 әле-

уметтік инфрақұрылым және 1,3 мың көлік инфрақұрылымы жобасына жұмсалды.

Кешенді шаралар нәтижесінде, 2027 жылға қарай табысы ең төменгі күнкөріс деңгейінен төмен ауыл халқының үлесі 6,5 пайызды құрайды деп күтілуде. Ауылдар сумен 100 пайыз қамтылады. Ал, интернет желісінің қолжетімділігі 97 пайызға жетеді. 650-ге жуық мәдениет объектісі және 100 спорт ғимараты салынады.

Ал, Қарағанды облысында жоба шеңберінде даму әлеуеті бар 160 ауыл белгіленді. Атап айтқанда, 137 746 тұрғыны бар 68 тірек ауыл және 52 153 адам тұратын 92 спутниктік ауыл таңдалды. Яғни, облыстағы ауыл халқының 89 пайыздан астамы өмір сүреді.

– Былтыр жоба бойынша 21 ауылдық елді мекен қамтылды. Бұл ауылдарда 58478 адам немесе ауыл халқының 28 пайызы тұрады. Барлығы 42 жоба іске асырылды. 4,3 млрд. теңгеге қаржы ел игілігіне жаратылды. Биыл 32 ауылдық елді мекен енді, – дейді облыстың экономика басқармасының басшысы Татьяна Аблаева.

32 ауылдағы халық саны – 43924 адам. Басқарма басшысының айтуынша, бұл ағайын құны 5,5 млрд. теңге болатын 33 жобаның шарапанын жыл соңына дейін көреді.

## Жер қойнауын пайдаланушылардың жұмысы ашық болуы тиіс

Референдумнан кейін Конституцияның 6-бабына «Жер және оның қойнауы, су көздері, өсімдіктер мен жануарлар дүниесі, басқа да табиғи ресурстар халыққа тиесілі. Халық атынан меншік құқығын мемлекет жүзеге асырады. Жер, сондай-ақ заңда белгіленген негіздерде, шарттар мен шектерде жекеменшікте де болуы мүмкін» нормасы бекітілді. Алайда, іс жүзінде бұл норма әлі жүзеге аспауда.

Жалпыұлттық социал-демократиялық партия (ЖСДП) өзінің сайлауалды бағдарламасында стратегиялық ресурстар мен жер қойнауын бақылау үшін табиғи қазбаларды өндіру және экспорттаумен айналысатын салаларды біртіндеп мемлекет меншігіне алу бағытын жариялауға ниетті. Ұлттық өңдеу өнеркәсібіне басымдық берілетін болады.

Тұрғындармен кездесу барысында ЖСДП атынан партия тізімі бойынша кандидат Анаргүл Әбенова: «Табиғи ресурстарды игеру жөніндегі шарттар мен келісімшарттарды қайта қарау қажет. Әділетсіз келісімшарттар қайта қаралатын болады, ал Қазақстан үшін кесірін тигізетін шарттар бұзылатын болады. Барлық келісімшарттар тек Қазақстан аумағында жасалады және тіркеледі, ал олар бойынша барлық төлемдер тек отандық резидент банктер арқылы жүргізіледі» деп атап өткенді.

ЖСДП бағдарламасында ұлттандыру процесі халықаралық құқық пен ұлттық заңнама шеңберінде, жекеменшік иелері алған кейінгі кірістермен, сондай-ақ, олардың техникалық жаңғыртуға және әлеуметтік инвестицияларға қосқан нақты үлесімен салыстыра келе, со-



нымен қатар жекешелендіру шарттарын ескере отырып жүргізілуі тиіс екендігі көрсетілген.

ӨСАБ-қа (Өндірісі салалардың ашықтығы бастамасы) сәйкес жер қойнауын пайдаланушылар өздерінің кәсіпорындары орналасқан және жұмыс істейтін өңірлердің әлеуметтік-экономикалық және инфрақұрылымдық дамуына бағытталған жобаларды қаржыландыру туралы ақпаратты ашық қолжетімділікте жариялауға тиіс.

Бірақ қолданыстағы заңнамада әлеуметтік инвестицияларды халықпен пайдалану шешімдерін талқылау және келісу жөніндегі қызметті реттейтін норма жоқ. Қаржыны қайда бағыттау керектігі туралы шешім жергілікті әкімдік пен жер қойнауын пайдаланушы арасындағы меморандумдарда бекітілген. Бұл өз кезегінде сыбайлас жемқорлық фактісінің орын алуына

себепші болады. Тәжірибе көрсеткендей, жергілікті әкімдіктер көбінесе жеке компаниялардың мүдделерін қолдайды.

ЖСДП ұсынысы бойынша жер қойнауын пайдалануға жасалған барлық келісімшарттар мен келісімдерге және өнімді бөлуге қатысушыларға екі жылдық мерзім белгіленуі қажет, оның барысында бұл құжаттар коммерциялық құпиядан өзара шығарылып, жариялануы тиіс. Осы мерзім өткеннен кейін мемлекет жер қойнауын пайдалануға әділ салық салу режимін белгілей отырып, осындай қадамға біржақты тәртіппен баратын болады.

Тапсырыс беруші: М.А.Токтамбаева, ЖСДП Қарағанды облыстық филиалының төрағасы. (Жалпыұлттық социал-демократиялық партиясының сайлау қорының қаражатынан төленді).



ӘР АУЫЛДЫҢ АБЫРОЙЫ ҚЫМБАТ МАҒАН!

«СӨЗИНЕ ҚАРАЙ КІСІНІ АЛ, КІСІГЕ ҚАРАП СӨЗ АЛМА» АБАЙ

Қарағанды облыстық мәслихаттың депутаттығына №16 сайлау округі бойынша кандидаттың сайлауалды бағдарламасы АЙТБАЙ БОТПАЙҰЛЫ ЖҰМАҒҰЛОВ

Мен, Бұқар жырау ауданы Қарақұдық ауылында көпбалалы отбасында туып-өстім. Өзім де төрт баланың әкесімін.

Бүгінге дейін Мәдениет және ғылым саласында еңбек етіп келемін.

Ел мен жер тағдырына бейжай қарай алмағандықтан тәуекелге бел байладым.

Еңбек – бәрін жеңбек, біз адал еңбек, әділ жолмен жеңіске бірге жетеміз.

Рухани кемел елдің келешегі жарқын.

ҚҰРМЕТТІ САЙЛАУШЫЛАР, ЕГЕР МАҒАН СЕНІМ БІЛДІРСЕҢІЗДЕР, БАР КҮШ-ЖІГЕРІМДІ САЛАМЫН, БҰЛ МӘСЕЛЕЛЕРМЕН БІРГЕ ЖҰМЫС ЖАСАЙМЫЗ:

- Туған елдің рухани және мәдениетін және ұлттық құндылықтарын дамыту;
- Ауылдағы қарапайым халықтың өмір сүру сапасын жақсарту;
- Денсаулық сақтау, білім беру, спорт, жастар саясаты мен ауыл шаруашылығы салаларында барлық қажетті жағдайларын жасау;
- Дарынды да талантты, өнерлі жастарға қолдау көрсету;
- Шалғай ауылдардағы жол, ауыз су, интернет желісін жақсарту;
- Әлеуметтік мәдени ошақтардың жай-күйі, техникалық базасын жаңарту;
- Ауылдағы жастардың тұрақтауы және оларды жұмыспен қамту;
- Президенттің «Ауыл аманаты» бағдарламасын жүзеге асыру;
- Ауыл азаматтарының табысын арттыру.

СІЗДІҢ DAУЫCЫҢЫЗ МЕН ҮШІН ДЕ, ЕЛ ҮШІН ДЕ МАҢЫЗДЫ!

Республикалық бюджет қаражатынан төленді

## СУЛТАН МЕЙРЖАНОВИЧ ЕЛЕМЕСОВ

Қарағанды қалалық мәслихатының депутаттығына №11 сайлау округі бойынша өзін ұсынушы

Жасы: 34-ге.  
Отбасылық жағдайы: үйленген, ұлы бар.  
Білімі: Мағжан Жұмабаев атындағы №39 орта мектеп. ҚарМТУ-дың ақпараттық технологиялар факультетін «Приборлар құрастыру» мамандығы бойынша бітірген.

Кәсіпкер, құрылыс компаниясының басшысы.

Менің бағдарламам аудан тұрғындарының жайлы өмір сүруі үшін өзекті мәселелерді шешуге бағытталған. Ол келесі бағыттардан тұрады:

### 1. ЖАЙЛЫ ӨМІР СҮРУ ЖАҒДАЙ-ЫН ЖАҚСARTY

– Аулаларды абаттандыру, көлік қоятын орындар, сыртқы жарықтандыру, қоғалдандыру, «Халық қатысатын бюджет» бағдарламасына қатысуды ұйымдастыру, тұрғындардың тілектерін ескере отырып, аулаларды абаттандыру жобасын құруға ықпал ету, бұталы өсімдіктер мен ағаш көшеттерін отырғызу, жарықтандыру тіректерін ауыстыру, көлік қоюға ыңғай-

лы орындар жасау.  
– Лифт шаруашылығын жаңарту.  
Қолданыстағы лифтілерді жан-жақты зерттеу, қажет ақпаратты және келісімдерді жинау, сәйкес мемлекеттік органдарға әрі қарай ұйымдастыру және жаңғырту бойынша ұсыну.  
– Сыртқы және ішкі инженерлік желілердің проблемалық учаскелерін анықтау. Проблемалық учаскелерді, приборларды тексеру үшін коммуналдық кәсіпорындардың мамандарын тарту және анықталған ақауларды, сәйкессіздіктерді жоюға белсенді тұрғындарды тарту.

### 2. ТКШ САЛАСЫНДАҒЫ СЕРВИС ДЕҢГЕЙІН АРТТЫРУ

– МИБ құру алгоритмін түсіндіру, оны дұрыс рәсімдеуге көмектесу, басқарушы компанияларды тарту.

### 3. ТҮРҒЫНДАРДЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК ҚАЖЕТТІЛІГІН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ

– Аудан емханаларында тиімді және дұрыс көмек көрсетуі үшін тәжірибелі дәрігерлер санын ұлғайтуға қол жеткізу.  
– Бос тұрған үй-жайларды білім беру,



мәдени, спорттық сабақтарды ұйымдастыру үшін қайта жабдықтауға ықпал ету.

– Қазақ тілін үйренемін, мәдениеті мен тарихын зерделеймін деген тілек білдірушілерге тегін курстар ұйымдастыру.

### 4. КӘСІПКЕРЛІК ҚЫЗМЕТТІ ДАМУ

– Жастарға арналған стартаптардың дамуына ықпал ету, демеушілерді тарту.  
– Кәсіпкерлік қызметті қолдау және көмек көрсету, бизнес-консультациялар.

Республикалық бюджет қаражатынан төленді

ҚР ПАРЛАМЕНТІ МӘЖІЛІСІНІҢ ДЕПУТАТТЫҒЫНА ҮМІТКЕР

**БАҒДАРЛАМАНЫҢ БАСТЫ КҮШІ:**

- БӨЛІНГЕН ҚАРЖЫНЫҢ ДҰРЫС ІСКЕ АСЫРЫЛУЫ!
- ЗАҢ МЕН ТӨРТІПТІ ОРНАУЫ!
- ӘДІЛЕТТІ ҚАЗАҚСТАННЫҢ - ӘДІЛЕТТІ ҰРПАҒЫН ТӨРБИЕЛЕУ!
- ҚАСАҢ ҚАҒИДАЛАРДАН АРЫЛЫП, ЖАҢА ҚОҒАМҒА БЕТ БҰРУ!

**ҚОЖАБАЕВ Жанболат Өмірсерікұлы**

№19 сайлау округі

Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісі депутаттығына кандидат Ж.Ө.Қожабаевтың өз қаражаты есебінен төленді

## САҒАТБЕК САЙЛАУБЕКҰЛЫ ИСАБЕКОВ

Мен Қарағанды облыстық мәслихатының депутаттарын сайлау бойынша №8 бірмандатты аумақтық сайлау округін ұсынамын

Мына жарық дүниеге адам болып келген соң, адами құндылықтардан бөлек, өзің туып-өскен елің мен жеріңнің кетігіне кірпіш болып қалыну – басты міндет. Сайлауға түсіп, доданың ішінде өзімді көрсету үшін емес, ата-бабамның кіндік қаны тамған қасиетті жер мен анамның тіліне, оның экологиясы мен экономикасына өз үлесімді теңіздей тамшыдай болса да қосу – менің негізгі бағытым.

Мен, Сағатбек Сайлаубекұлы Исабеков 2023 жылдың 19 наурызында өтетін еліміз үшін маңызы бар саяси дода, ҚР мәслихаттарының сайлауына өз кандидатурамды ұсындым. Болашақтан үміт күттірер қаншама жастар бар. Жалындап тұрған замандастарымды көргенде, әр басқан қадамның дұрыстығына сеніммен қараймын.

Болашақта мен депутат болып жатсам, Қарағандыда үлкен өзгерістер боларына нық сенімдімін. Ең алдымен үлкен кісілердің жағдайын жасауға тырысар едім. Көбінесе қарт кісілердің зейнетақылары дәрі-дәрмектен артылмай, тіпті кей

кездері толыққанды азық-түлік алуға жетпей жатады. Сондықтан мен зейнетке шығып, жасы алпыс бестен асқан кісілер үшін барлық қоғамдық қолдау тегін етуге атсалыссам деймін. Одан кейін ай сайынғы пәтеракы төлемін елу пайызға азайту үшін барымды саламын.

Қариялармен бірге жасөспірімдер үшін де жағдай жасалыну керек. Олардың бос уақытын тиімді пайдалану үшін әрбір ықшам ауданда тегін спорт залдары мен спорт алаңын салдырту мәселесін қолға алар едім. Себебі бос уақытта көрінген нәрсемен айналыспай, одан да спортпен шұғылдана, жаман әдеттерден аулақ болар еді.

Балалар үшін де біраз жұмыс атқаруды жоспарлаймын. Қазіргі кейбір ойын алаңдары ескіріп, балалардың өміріне қауіп төндіретіні әке ретінде мені де алаңдатады. Сондықтан аулалардағы ойын алаңдарына өзгерістер әкелгім келеді.

Егер мен бір сөз айтсам, оны жүзеге асыру үшін жанымды саламын. «Ұлтқа



қызмет – білімнен емес, мінезден» деп Әлихан Бөкейхан айтқандай, білімді ғана емес, көрген тәрбиемді, үлгі-өнегемді, арман-мақсатымды елім мен жерімнің келешегі үшін сарп етуге дайынмын.

Қанатым талғанша шарықтап, қазақ атты халықтың ұлы екенімді дәлелдеу үшін осы бір бәйгеде жеңіп шығатынымна сенемін!

Республикалық бюджет қаражатынан төленді

## Аумақ тазарған күн

Кеше «Аула күні» Қарағандыда аталып өтті. Соның шеңберінде қаланың барлық мәдениет мекемелерінде «Таза табиғат» атты эко-акция өткізілді.



Ерканат КЕҢЕСБЕКҰЛЫ, «Ortalyq Qazaqstan»


– Бұл күні қала аумағын абаттандыруға назар аударып, күнді таза ауада өткізу маңызды, бұл экомәдениеттің, зияткерлік сананың дамуына және жас ұрпақтың денсаулығын жақсартуға игі ықпал етеді, – делі ұйымдастырушылар.

Мұнымен бірге, қалалық білім беру мекемелерінің ұстаздары мен оқушылары да қалыс қалмай, «Қайырымды Ұлт» науқаны

аясында ардагерлердің үйлерін қардан тазалап, көмек көрсетті.

Тазалық шараларының кең ауқымда өтуіне қала мен аудан әкімдіктері мұрындық болды.

Айта кетейік, «Аула күні» кенді астананың қонақтары мен тұрғындары ұнатқан шара. Мерекелік акция шығармашылықты дамыту, салауатты өмір салтын жандандыру, демалыс және жақсы көңіл күй алаңына айналды.





## Жастармен бір толқында: Депутаттыққа кандидаттар студент жастармен кездесті

Кандидаттар Тілектес Адамбеков пен Ержан Хамитов «AMANAT» партиясының Қарағанды облыстық сайлауалды штабында «Жастар Рухы» Жастар қанаты ұйымдастырған «Рухтастар Trends. Бір Толқында» деп аталатын алаңда 100-ден астам студент жастармен кездесті.

Негізгі мақсат сайлауалды «AMANAT» партиясының сайлауалды бағдарламасының жастарға қатысты бағытын талқылау болғанымен кездесу сұрақ-жауап форматына ауысып, жастарды қызықтырған сұрақтарға жауап берілді.

«AMANAT» партиясының сайлауалды

бағдарламасында 10 бағыт болса соның 1-еуі жастарға арналған. «AMANAT» 2027 жылға дейін бір жарым миллионнан астам жасты жұмыспен қамту міндетін қойып отыр, еңбек жолын жаңадан бастаған кадрды жұмысқа орналастыру үшін «Жастар практикасы» бағдарламасын жалғастырады, «Жасыл ел» жобасы шеңберінде жыл сайын 30 мың жасты жұмысқа орналастыру мүмкіндігін жасайды, жұмыс істейтін жастарды жалға берілетін тұрғын үймен қамтамасыз ету тәжірибесін жалғастырады, Жас ғалымдарды қолдау үшін ғылыми эзирлемелерге 1 000 грант бөледі, жыл сайын еліміздің колледждері мен жоға-

ры оқу орындарында грант санын көбейте отырып, жастарға еңбек нарығында сұраныстағы мамандықтарды игеруге мүмкіндік береді. Студенттерді жатақханамен қамтамасыз ету бойынша жоғары оқу орнына қойылатын талапты арттырып және студенттік жатақханада тұру жағдайына үнемі мониторинг жүргізеді.

Тапсырыс беруші: Б.К. Алтынбеков  
Қарағанды облыстық мәслихат депутаттарының сайлауында партиялық тізімді ұсынған «AMANAT» партиясы  
Сайлау қорының қаражатынан төленді



## Қымбатшылықпен күрес: Үкімет енгізген тетіктер

(Соңы. Басы 1-бетте)

### Қорда азық-түлік жеткілікті

Қарағанды облысында да азық-түлік тауарларының өңірлік тұрақтандыру қоры жұмыс істейді. «Сарыарқа» ӘКК-на қарайтын қордың екі қоймасы бар. Әрқайсына 1320 тоннаға дейін өнім сақтауға болады. Қазір бұл қоймаларда негізінен бакалея тауарлары тұр.

– Тұрақтандыру қорында 381,4 тонна қант, 106,9 тонна қарақұмық, 61,3 тонна күріш, 72,1 мың литр құнбағсы майы бар. Әлеуметтік маңызы бар азық-түлік түрлері-

еге айналды. Құны көкке шарықтады. Ұлттық статистика бюросының дерегінше, бір жылда бағасы 62,4 пайызға өскен.

Үкімет отандық көкөністі сыртқа шығаруға мораторий жариялады. Премьер-Министрдің орынбасары – Сауда және интеграция министрі Серік Жұманғариннің айтуынша, жағдай сәуір айында тәуір болады. Сәуірден бастап Пәкістан, Өзбекстан мен Тәжікстан Қазақстанға пияз жеткізбек.

Ал, Әнуар Дулатұлының сөзіне сенсек, облыста пияз мәселесі жоқ, тұрақтандыру қорына 20 тонна пияз сатып алынды.

15 наурыздағы мәліметке қарасақ, пияз-

– Мәселен, меморандум шеңберінде «Найдоровское» ЖШС Қарағандыға картоп жеткізіп отыр. Бұл картоптың келісі 130 теңгеден сатылуда. «Агрофирма «Құрма» АҚ, «Үштөбе Құс», «Қарағанды Құс» және «Майкудукские яйца» серіктестіктері бір аптада 90 мың тауық жұмыртқасын тапсырады. Тұрғындарға жеткенде 10 жұмыртқа 320 теңгеге бағаланады. «Ақнар» ЖШС Қарағандыдағы сауда нүктелеріне апта сайын 3,5 тонна тауық етін жеткізеді. Келісі – 1023 теңгеден, – дейді Әнуар Тюлюбеков.

Тағы бір айтып өтері, 2019-2021 жылдары астықтың резервтік қоры жасақталған

## Тұрақтандыру қорынан сатылған көкөністің жалпы көлемі – 19688,22 тонна

07.03.2023 ж.

Сауда комитетінің мәліметі



Инфографиканы жасаған Ш.А. Адамбеков

не сұраныс артып, баға көтеріле бастағанда қордан қажетті мөлшерде босатамыз, – дейді облыстың ауыл шаруашылығы басқармасы басшысының орынбасары Әнуар Тюлюбеков.

Мәселен, наурыздың басында қор құнбағсы майын тарата бастады. «Norma N» супермаркеті мен әлеуметтік павильондарға жеткізілген май бағасы нарықтағы орташа құнынан 10-15 пайызға төмен болды.

«Бір литр құнбағсы майының бағасы 605 теңгеден аспауы шарт. Сауда нүктелерінің әкімшіліктері қанша сома қосатындарын өздері шешеді. «Norma N» супермаркеті бір литрін 565 теңгеге сату туралы шешім қабылдады», – деп хабарлайды «Сарыарқа» ӘКК баспасөз қызметі.

Сондай-ақ, Әнуар Дулатұлының айтуынша, форвардтық келісімшарт негізінде 280 тонна картоп, 200 тонна сәбіз қоры жасақталды. Қазір бұл өнімдер өндірішінің қоймаларында сақтаулы жатыр.

Бұдан бөлек, былтыр аймақтағы ірі өндірушілердің бірі – «Поливное» шаруашылығына 113,4 млн. теңге көлемінде қарыз берілді. Шаруашылық баға қалай құбылса да, Қарағандыдағы сауда нүктелеріне келісімшартта көрсетілген баға бойынша картоп-көкөніс жеткізуге міндеттелді. Қазір шаруашылықтың бір келі кырыққабатының бөлшек саудадағы бағасы – 102 теңге, картоп пен сәбіз келісі – 108 теңге, пияз келісі – 110 теңге.

Пияз демекші, қазір Қазақстанда және Азия төңірегінде пияз мәселесі өткір тұр. Пияз экспорттаудағы көшбасшы Пәкістандағы су тасқынынан бұл көкөніс қат дүни-

дың бір келісі – «Южный» сауда желісінде 238 теңгеге, «Аян» сауда дүкендерінде 198 теңгеден сатылуда. Есімін атамауды жөн көрген дүкен әкімшісі пияздан басқа да көкөніс түрлері жеткілікті мөлшерде бар екенін айтады.

– Пияз және басқа да көкөніс, картоп – ең өтімді тауарлар. Облыс аумағындағы шаруа қожалықтары апта сайын тапсырысқа сай жеткізіп тұрады. Сондықтан, сөрелерден бұл азық-түлік түрлері жоғалып кетеді деп алаңдаудың қажеті жоқ. Мәселен – бағасында. Біз өндірішінің бекіткен бағасына қарай өз бағамызды қоямыз. Кейде тұтынушыларымыз келіп, жағасын ұстап жатады. Нарық заңы солай, дүкен сол үстемекінің арқасында күн көріп отыр, – дейді дүкен өкілі.

### Бизнес қауымдастықтың көмегі көп

Қоғамның тірегі – шағын және орта бизнес. Бұл кәсіпорындар ауылдың асырап келген бұрынғының байлары сияқты. Сондықтан, бизнестің әлеуметтік жауапкершілігі де бағаны тізгіндеуде маңызды роль ойнайды.

Жыл сайын атқарушы билік ауыл шаруашылығы тауарларын өндірушілермен меморандумға қол қояды. Меморандум кәсіпкерді өз өнімінің бес пайызын төмендетілген бағада өткізуді міндеттейді.

Меморандумға жергілікті тамақ өнеркәсібінің өкілдері – құс фабрикалары, егіншілік шаруашылықтары, астық өңдеу кәсіпорындары мен нан зауыттары белсенді қатысады.

еді. Бұл қорға бюджет қаржысы шығын болған жоқ. Қазіргі уақытта қордағы I сұрыпты ұн құны – 120 теңге. Осы ұннан пісірілген нан бөлкесі 85 теңге тұрады. Мұны «Корпорация «Қарағанды Нан» ЖШС пісіреді.

Сондай-ақ, облыс әкімдігі, Ауыл шаруашылығы министрлігі және «Азық-түлік келісімшарт корпорациясы» ҰК» АҚ ұш-жақты меморандумға қол қойды. Яғни, облыс көлемінде әлеуметтік нанның бөлкесі 95-105 теңге тұрады. Себебі, наубайшыларға I сұрыпты ұнның келісі 120 теңгеден босатылады.

### Жалақының жартысы – тамаққа

Көріп отырмыз, билік тиімді деген тетіктерді іздестіріп, іске қосуға тырысқанымен бағаға бұғалық салып, тапқылтпай басуға шамасы жетер емес. Ұлттық статистика бюросының дерегінше, былтырғы жылдың IV тоқсанындағы орташа жалақы 338 715 теңгені құрады.

Мақаламыздың басында айтқанымыздай, отандастарымыз бұл қаржының жартысынан астамын – 53 пайызын азық-түлікке жаратады. Ал, өркеніетті Германияда бұл көрсеткіш 12,2 пайызды құраса, іргеміздері Ресейде – 32,2 пайыз. Мамандардың сөзіне сенсек, бұл статистика – экономика дамуының көрсеткіші. Яғни, бақуатты елдің халқы табысының шамалы ғана бөлігін тамаққа жұмсауы тиіс.

Иә, қымбатшылық қалтаны да, жүйкені де жұқартып тұрғанын мойындау керек...

### • ДЕНСАУЛЫҚ

## Жаңа көлік – ел игілігіне

Ауылдық жерлерге аудан орталығынан жедел жәрдем көлігінің баруы қиын. Әсіресе, шалғай жатқан елді мекендерге. Осы орайда, Нұра ауданы Ізенді ауылының фельдшерлік-акушерлік пунктінде жедел жәрдем көлігі берілді. Барлық қажетті жабдықпен жабдықталған көлік енді 600-ден астам ауыл халқына қызмет көрсетеді.

Жәлел ШАЛҚАР  
«Ortalyq Qazaqstan»

Ізенді ауылы аудан орталығы Нұра кентінен 90 шақырым болса, облыс орталығынан 220 шақырым жерде орналасқан. Жергілікті ФАП-тың бұған дейін өзінің жедел жәрдем көлігі болмаған. Адамдар Нұрадан баратын жедел жәрдемді ұзақ күтуге немесе көлік үшін жергілікті ЖШС басшысына жүгінуге мәжбүр болған.

– Мұнда 2002 жылы көшіп кел-

дім. Осы уақыт ішінде бізде жедел жәрдем болған жоқ. Аудан орталығынан жедел жәрдемді 2,5 сағат күткенім есімде. Ол кезде бақытымызға орай, бәрі ойдағыдай аяқталған, – дейді ауыл тұрғыны Бейбіт Шөгенбаев.

Енді, ауылдың өз көлігі бар, тұрғындар қуанышында шек жоқ.

Бұдан бөлек, биыл Ізендіде жаңа фельдшерлік-акушерлік пункт салу жоспарлануда. Қазір ескі ФАП-та бес медицина қызметкері еңбек етіп жүр.

## Ата-аналар жиналысына әкелер неге бармайды?

(Соңы. Басы 1-бетте)

Анасы материалдық, рухани қажеттіліктерін бердім дегенмен де, әкенің орнын толтыра алмайды. Ана балаларына «болмайды», «құлап қаласың» деп өбектеп жүріп, жанаң, ынжық, болбыр жігіт тәрбиелегенін сезбей қалады. Ал, әке баласына еркіндік беріп, шектен шығып кетпеуін қадағалайды. Өмірді көзімен көріп, көңіліне түйіп, еркін өскен бала өз әрекетін сырттай бағалап, барлық жағдайда дұрыс шешім қабылдайтын азамат болып өседі. Батыстың бір ойшылы мынадай тәжірибені ұсынған. Әке баласын аулаға ойнауға жіберерде: «Мына ауланың қалаған жерінде құмарың қанғанша ойна. Бірақ, өзге аулаға кетіп қалма» десе, бала өзіне таңдау еркіндігі берілгеніне мәз болып, ауланың бұрыш-бұрышында ойнаса да өзге аулаға кетпейді екен...

Кейде қоғамдық көліктерде, көшеде сызылып, қыз секілді сөйлеп тұрған жас жігіттер де байқаймыз. Оның үстіне, қазір кейбір ер азаматтар әңгімені әйелдерден көп айтады. Қалай болғанда да, әке айбарын, әке мысын сезініп өскен балалардың болмыс-бітімі бөлек келеді. Әкенің адуынды дауысын естіп өскен бала майысып сөйлемейді. Баланың физикалық, рухани жағынан бекем болып ержетуіне әке ғана ықпал ете алады. Тәрбиенің түп тамыры – әке институты. Отбасында, қоғамда әке ролі жыл өткен сайын төмендеп бара жатқаны қынжылтады.

Өйткені, жауапкершілігі төмен ер-азаматтар армиясы пайда болуда. Олар ұнамаса, отбасын тағдыр талқысына тастап, кете барады. Осындай жәйттердің бәрі қоғамдағы әке беделінің төмендеуіне сеп болуда. Өз заманында «Әкелі бала – жаужүрек, жиын тойға барады, төрден орнын алады, бітіреді жұмысын, тастан да өткізеді жібесін, әкесі бала – сужүрек, жиын тойға барады, босағада қалады» деген Бұқар бабаның өнегелі сөздері бала тәрбиесінде әкенің орны маңызды екенін нақтылайды.

### Мектепте де ер мұғалім қат

«Жақында ата-аналар жиналысына бардым. Байқасақ, кілең аналары, әпкелері жиналды. «Сыныпта ұл балалар көп сияқты. Бұл оқушылардың әкесі қайда?» деп едім, көпшілігі «Әкелері жұмыста, уақыты жоқ» деді. Меніңше, ер баланың өмірінде әке маңызды орын алуы керек. Мысалы, бір бала осындай мәселемен алдыма келді. Оған: «Сенің өміріңді кішігірім фильм деп алсақ, отбасында негізгі образды сомдайтын кім?» десем, көбіне анасы ойнайды екен. Әкесі ара-тұра эпизодтарда ғана көрінеді. Таңертең немесе кешкі тамақ ішетін көріністе кездесіп жатады. Демек, отбасының үлкен қуаты бар десек, соның ішінде ананың қуаты басым. Себебі, бала өмірінде ананың ролі жоғары тұр. Бәрін шешетін – анасы. Мәселен, орыс халқында бала тәрбиесіне кішкентай кезінде 70 пайыз анасы, 30 пайыз әкесі жауапты болады. Бала 12-13

### Түйін


Ұлдың да, қыздың да тәрбиесінде әкенің ролі зор. Ана баласына жан жылуын, мейірімін төксе, әке баланың өз-өзіне сенімді тұлға болып қалыптасуына жол ашады. Сарапшылардың зерттеуінше, әр бала мектептегі қоғамдық іс-шараларға ата-анасының келіп қатысқанын іштей күтеді екен. «Ата-аналар жиналысына, шараларға кімнің келгенін қалайсыз?» деген сауалға он баланың жартысынан көбі «Әкемнің келгенін қалаймын» деп жауап берген. Бұған сіз не дейсіз, құрметті оқырман? Соңғы рет ата-аналар жиналысына қашан қатысып едіңіз?!

# «Сенімен әлдилеген анам мені...»

Тіл – ұлттың жаны. Ұлттың рухы, тұтас болмысы әр адамның бойына баба тілі арқылы сінеді. Демек, әр мемлекет үшін мемлекеттік тілдің орны ерекше. Тәуелсіздік алғалы мемлекеттік тілдің қолданысы аясын кеңейтіп, дамуына жол ашу мақсатында біршама жұмыс атқарылды. Нәтижесі де жоқ емес. Елімізде өмір сүретін өзге этнос өкілдерінің де қазақ тілін үйренуге ықыласы артып келеді. Десек те, атқарылар жұмыс әлі көп. Бәрі шешілді десек, артық айтқандық болады. Бұл мәселені мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев өзінің сайлауалды тұғырнамасында арнайы атап көрсеткен еді. Осы орайда, аймақта атқарылып жатқан істерге шолу жасап көруді жөн санадық.

лық салондары, сауда үйлері, бизнес орталықтар, қоғамдық көлік, такси қызметі, азық-түлік сататын супермаркеттер, техника сататын орындар қамтылды, – дейді облыстық тілдерді дамыту жөніндегі басқарманың ономастика, сараптама және қоғамдық ұйымдармен байланыс бөлімінің басшысы Әсет Аманжолов. Аймақта мемлекеттік тілдің

қатысуымен «Қазақшаң қалай, балақай?!» атты бейнежазбалар түсіріліпті. Жалпы білім беру ұйымдарынан 32 өтінім түсіп, оның ішінен 10 бала іріктелген екен. Халықаралық деңгейде өнер көрсетіп, ел намысын қорғап жүрген спортшыларымыз да мыңдаған көрерменнің алдында қазақша сөйлегенде мерейіміз тасып, қуанып қаламыз. Кейін бұл



РЕФОРМА – ӨМІРШЕҢ ӨЗГЕРІСТЕР

сақ, жобаға республикаға танымал 155 мың оқырманы бар Таян Тұрлай мен 143 мың оқырманы бар Алексей Лодочников тартылған.

Сонымен қатар, былтыр күзде «Үлгілі отбасы» облыстық байқауы өткізіліп, оған 20-дан аса өтінім түскен. Оның ішінде 11 отбасы іріктеуден өтіп, қорытынды кезеңге жолдама алыпты. Алдағы уақытта «Баланың бал тілі – қазақ тілі» дамысын» атты жаңа жоба аясында «Бүлдіршіңге жыр арна» байқауы ұйымдастырылып, мектепке дейінгі балаларға арналған тапқар мен әндер жинағының электронды жүйесі дайындалмақ екен.

Бір айта кетерлігі, елді мекендер мен көшелердің атауын өзгертудің де мемлекеттік тілдің мәртебесін көтеруге септігі тиері анық. Дерекке сүйенсек, «Идеологиялық тұрғыдан ескірген атаулары бар елді мекендер мен олардың құрамдас бөліктерін қайта атау жөніндегі 2022-2025 жылдарға арналған» Жол картасына сәйкес, облыста өткен жылы 64 құрамдас бөліктің, 2 елді мекен, 19 мекенінің атауы өзгертілген.

Ал, 2023 жылы облыс көлемінде Жол картасына сай, кеміне 58 көше мен 5 елді мекеннің атауын өзгерту көзделген. Әсіресе, Қарағанды қаласындағы 25 көшенің атауын өзгерту жоспарланып отыр.

Шахтинск, Қарағанды, Саран қалалары мен Бұқар жырау ауданында идеологиялық ескірген атаулар үлесі жоғары екенін айта кету керек. Оның үстіне, атау беру, қайта атау жұмыстарына тұрғындар, өзге этнос өкілдері әлі де болса қарсылық білдіретін көрінеді. Шектеуге қарамай, елді мекен-

дерге кісі есімін ұсыну фактілері, ономастикалық нысандарға еңбектері елеусіз, белгісіз тұлғалардың есімдерін жиі ұсыну да тіркеліпті. Сол себепті, бұл бағыттағы жұмыстар аса мұқияттылықты талап етеді.

Қарағанды облысының тілдерді оқыту орталығы да ересектерге тіл үйретуде жаңашыл, заманауи кәсіби салаға бағытталған оқу құралдары мен аудио қосымшаларын әзірлеп келеді.

– Қоғамдық орындарда қызмет көрсетушілерге, атап айтқанда, қаламыздағы нотариустарға арналған қысқамерзімді 24 сағаттық курстар ұйымдастырылып, олардың кәсіби саласына арналған оқу құралы апробациядан өткізіліп жатыр. Мұндай курстар бұған дейін де облыстық тілдерді дамыту жөніндегі басқарманың тапсырысымен іске асқан. Ірі сауда орындарында қазақ тілі кабинеттері ашылды. Тіл үйрету курстары жалғасын тауып келеді. Сауда, банк, денсаулық саласының қызметкерлеріне курстық тиімді ұйымдастыру мақсатында оқу құралдары аудиодискісі, QR кодталған мобильді қосымша әзірленді. Қарағанды облысының кәсіби салаға бағыттап оқыту бойынша бағамасы жоқ тың жобалар іске асуда, – дейді аталған орталықтың басшысы Алмагүл Ақмашқызы.

Байқасақ, мемлекеттің тілдің өрісін кеңейту бағытында жұмыс атқарылуда. Бірақ, көшедегі нысандардың атауында, жарнамаларда әлі де қателер кездесіп қалып жатады. Жұмыс тыңғылықты жүргізілсе, бұдан да артылар күн алыс емес. Сондықтан, бұл маңызды істі тұтас қоғам болып қадағалаған жөн деп білеміз. Егер, әр қазақтың баласы бір-бірімен қазақша сөйлесіп, баба тіліміздің ертеніне жаны ашитынын көрсетсе, мұндай жағдайлар да азаяр еді. «Қадірлі, бағасы алтын анам тілі, сенімен бағаланған балақ түрі. Төрт бөліп түн ұйқысын жұбатам деп, сенімен әлдилеген анам мені» деп Илияс Жансүгіров жырлағандай, ананың әлдімінен құлаққа сіңіп, бойға тараған қазақ қылық өсірген туған тілдің қадірін білейік!

Жәлел ШАЛҚАР, «Ortalyq Qazaqstan»

Шынында, облыста өзге этнос өкілдері көп шоғырланған. Сондықтан, бұл мәселе әрқайсымызды толғандыруы тиіс. Облыс әкімдігінің қолдауымен аймақта мемлекеттік тіл саясатын жүзеге асыру бағытында көптеген шара жүзеге асырылуда. Дерекке сүйенсек, биыл алты оқыту орталығы мен бес оқыту курсы негізінде қазақ тілін оқытуға 2023 жылы 2271 адам, оның ішінде тілдерді дамыту басқармасы тарапынан 560 адамды қамту көзделген.

Қоғамдық орындарда қызмет көрсету саласы қызметкерлерінің базалық тілдік дағдысын қалыптастыру мақсатында 2023 жылғы жоспар – 1031 адам болса, басқарма – 160 адамды оқытпақ. Курстарды аяқтағандар тілді ұмытып қалмас үшін демалыс күндері «Достық» үйіндегі «Мәміле» сынды арнайы тіл үйрену клубтары Қарағанды, Теміртау, Балқаш, Саран қалаларында, Бұқар жырау ауданында жұмыс атқаруда екен.

Басқарма тапсырысымен «Сарыарқа-2» оқу-әдістемелік кешені әзірленіпті. Бұл кешен Қазақстан бойынша үздік деп танылған. Тіл саясаты комитетінің қолдауымен 5000 данамен республикаға тегін таратылған көрінеді.

– Көрнекі ақпарат пен жарнама тілін жүйеге келтіру мақсатында былтыр жүргізілген рейд барысында 9854 нысаннан 3230 кемшілік анықталды. Оның 1129-ы түзетілді. 2022 жылы



кәсіпкерлерге тегін аударма мен әдістемелік көмек көрсету мақсатында құрылған «Жедел желі» («Callcenter») қызметі арқылы 5 123 көмек көрсетілді. Биылғы көрсеткіш – 181. Бұл бағытта кейінгі үш жылда «Көрнекі ақпарат пен жарнама тілін біріздендіру» әлеуметтік жобасын жүзеге асырудамыз. Осы жоба аясында 2022 жылы қамтылған 3024 нысандағы (Қарағанды – 2400, Саран – 624) көрнекі ақпаратқа сараптама жасалып, 758 кәсіпкерге тегін аударма мен әдістемелік көмек көрсетілді. Жоба аясында денсаулық сақтау, тамақтану орындары, сұлу-

қолданысы аясын кеңейтіп, мәртебесін арттырудың түрлі жолдары қарастырылуда. 2022 жылы облыста алғаш рет «Тіл – қазына» жобасы жүзеге асырыла бастады. Бұл жоба арқылы ұлттық құндылықтарды қастерлей отырып, қазақша контенттерді көбейту көзделген. Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамының облыстық филиалымен бірлесіп отырып, «Тіл – қазына» әлеуметтік жобасы үш бағытта ұйымдастырылған.

2022 жылдың қазан айында қазақ мектебіне немесе қазақ балабақшасына барып жүрген өзге этнос өкілдері балаларының

жазбалар әлеуметтік желіге тарап, жастарды патриоттыққа тәрбиелеуге үлес қосады. Сондықтан, жүрген жерімізде, әлеуметтік желіде сөйлеген сөзіміз бен атқарған ісімізден елге, жерге, тілге деген махаббат пен мақтаныш сезімі сезіліп тұрса құба-құп. Жұмыстың бәрін басқармаға жүктеп қойғанмен іс бітпейді.

Сондай-ақ, әлеуметтік желіде 2 мыңнан 10 мыңға дейін оқырманы бар блогерлермен бірлесіп жұмыс істеу арқылы әлеуметтік желілерде қазақтілді онлайн-контент жасаушылар қатарын арттыру жұмысы атқарылуда. Атап айт-

## Жаңа бұйрық жария болды сабақта ұялы телефон ұстау шектелмек

Сабақ үстінде оқушылар мен мұғалімдердің ұялы телефон қолдануына тыйым салынуы мүмкін. Бұл туралы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 31 тамыздағы № 385 бұйрығына толықтырулар енгізу туралы құжат «Ашық» НҚА (нормативтік-құқықтық актілер) порталында жарияланды. Бұйрық 28 наурызға дейін жария талқылауда болмақ. Үстаздар қауымының бір парасы мұндай өзгеріске оң қабақ танытса, енді бірі қарсылығын білдіруде.

хабардар етеді және тиісті шаралар қабылдайды», – делінген құжатта.

Бұған қоса, сабақ кезінде қажеттілік болмаған жағдайда педагог пен оқушыға ұялы телефон қолдануға тыйым салынады.

«Мұғалімнің шешімі бойынша сабақта оларды қолдану қажеттілігін есепке алмағанда, білім алушылар мен педагогтер сабақтарда мобильді байланыс құралдарын пайдаланбайды», – деген өзгеріс енгізілген.

Гүлнұр СЕРІКЖАНҚЫЗЫ, «Ortalyq Qazaqstan»

Сонымен қатар, жаңа өзгеріске сәйкес мектептің ішкі тәртібіне қарама-қайшы әрекет жасаған оқушылар, олардың ата-анасына немесе



«Білім алушылар білім беру ұйымынан тыс болған кезде білім алушылардың өмірі мен қауіпсіздігі үшін ата-аналары немесе өзге де заңды өкілдері жауапты болады. Білім беру ұйымында оқу-тәрбие процесін және білім беру ұйымынан тыс жерде өткізілетін оқу-тәрбие іс-шараларын өткізу кезінде білім алушылардың өмірі мен қауіпсіздігі үшін жауапкершілік білім беру ұйымы басшысының бұйрығына сәйкес педагогтерге жүктеледі», – делінген құжатта.

заңды өкіліне ескертпестен, мектептен шығарылмайды.

«Білім алушы теріс қылықтар жасаған, мектептің ішкі тәртіп қағидалары талаптарын бұзған кезде оны сабақтардан шеттетуге, сондай-ақ, ата-анасының немесе өзге де заңды өкілдерінің қасында еріп жүруінсіз білім беру ұйымынан шығаруға жол берілмейді. Білім беру ұйымы ата-аналарды немесе өзге де заңды өкілдерді қажет болған жағдайда оларды білім беру ұйымына шақыра отырып, болған жағдай туралы

Мұндай өзгерісті Теміртау қаласындағы «Озат» мамандандырылған ақпараттық технологиялар мектеп-лицейінің биология пәні мұғалімі Арай Ержан қолдайтынын жеткізді:

– Оқушылар мен ұстаздарға сабақ үстінде телефон ұстауға тыйым салу бастамасын қолдаймын. Өйткені, телефон баланың ойын бөліп, алаңдатады. Бұл өтіп жатқан тақырыпты дұрыс меңгермеуге әкеп соғады. Дейтұрғанмен, түбегейлі тыйым тастауға тағы болмайды. Мәселен,



### Білімді ұлт

мен жұмыс істейтін «Озат» мамандандырылған мектеп-лицейінің ішкі тәртіп ережесі оқушыларға мектепте телефон ұстауға тыйым салады. Егер сабақ барысында қолдану қажеттілігі туындаса, пән мұғалімі сынып жетекшісіне ескертіп, телефон қолдануға рұқсат береді. Сабақтан соң қайта тапсыруын қадағалайды. Барлық мектеп осы тәртіпке көшсе, жаман болмайды деген пікірдемің, – дейді мұғалім.

Ата-аналар да балаларының сабақ үстінде телефон ұстауына қарсы. Себебі, «телефон сабақ оқып отырған баланың ойын бөледі».

– Менің төрт балам бар. Үшеуі мектепте оқиды. Біз мектепке балаларымызды оқу үшін, білім алу үшін жібереміз. Сондықтан, сабақты алаңдамай оқығаны керек бізге. Оқушылардың сабақ үстіне телефон ұстауын күп көрмеймін. Санаға салмақ салады. Сабақтан басқа уақытта ұстауына рұқсат, – дейді көпбалалы ана Ләззат Әминқызы.

Көпшілік ұстаздардың емес, оқушылардың сабақ үстінде телефон ұстауына қарсы. Кей ұстаздардың айтуынша, мұғалімдер телефоннан тыйылса, қағазбастылыққа қайта оралуы мүмкін көрінеді.

– Қазір біздің жұмысымыз да ұялы телефонға сыйып кеткен. Мұғалімдердің ортақ чаты, сабақ кестесі, басқа да оқу процесіндегі ақпараттар, тапсырмалар, құжаттар бәрі сонда. Тіпті, сабаққа да қатысты дүниелер телефонда болуы мүмкін. Егер дұрыс мұғалім болса, сабақ үстінде әлеуелілік кіріп, TikTok-ты тамашалап отырмасы белгілі ғой, – дейді мұғалім Санжар Мұқанов.

Айта кеткен жөн, қолданыстағы заңнамада жоғарыда аталған ережелер жоқ. Жаңа өзгерістер қамтылған бұйрық 28 наурызға дейін көпшілік талқылауында болады. Қазіргі күннің өзінде Ашық НҚА порталындағы талқылауға 12 адам пікір жазды, 1683 адам бұйрыққа енгізілетін өзгерістермен танысқан.

## Бүгін – Шежіре күні Наурыз

Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев «Тәуелсіздік бәрінен қымбат» атты мақаласында Наурызды мерекелеу тұжырымдамасын әзірлеуді және ұлық мерекенің мазмұнын байытуды тапсырған болатын. Осы орайда, Мәдениет және спорт министрлігі Президент тапсырмасы аясында «Наурыз мейрамын тойлау тұжырымдамасын бекіту туралы» Үкімет қаулысының жобасын әзірлеп, оны «Ашық нормативтік-құқықтық актілер» порталына жариялады. Тұжырымдамаға сәйкес, 16 наурыз – «Шежіре күні» деп аталды.

Ерканат КЕҢЕСБЕКҮЛЫ, «Ortalyq Qazaqstan»

Жұртшылық бұл күні мал сойып, жеті шелек пісіріп, ата-бабаларының рух-шәрібіне құран бағыштау ләзім. Ағайын-туған, көрші-қолаң таяуда ғана жақынынан айырылған отбасылар болса, үйіне арнайы барып, көңіл айтады, дастарханынан дәм татады.

Ерте замандарда шежіре тарихын арнайы шежірешілер баяндап отырған. Бүгінде бұл міндет аулет

елдің қамын жер, жалғыз өзін білген ер-құлағы мен жағын жер» деп түп тамырына ерекше мән берген. Демек, өзін-өзі құрметтейтін әрбір қазақ өзінің шыққан тегін білуге, ұрпақтарына жеткізу қастерлі борышы.

Қазақ – ататек, арабтар шежіре – бұтақ, тармақ деп ағайтын бұл ұғым халықтың шығу тегін, ұрпақтың таралуын баяндайтын рухани жүйе. Ру, тайпалардың тарихын ұрпақтан ұрпаққа жеткізген, халыптасқан ресми Шежіре барлық халықта кездеседі.



ақсақалдары мен үлкендеріне, мамандар мен шежіретанушыларға жүктелгендей.

Әр отбасының үлкендері өмірден өткен ата-бабаларының, ағайын-бауырдың жақсы істерін, қуанышты сәттерін кейінгі ұрпаққа әңгімелеп береді. Сонымен қатар, осы күні отбасының, жеті атаның, ел-жұрттың тарихы айтылып, шежіресі таратылады.

Қадым заманалардан бермен қарақоз қазақ өткеніне салауат айтқан ел. Ұлының санасына түп атасы мен жеті ата туралы деректерді сыналып сінсіріп отырған. Осыдан шығар, халық «Жеті атасын білмеген жетесіз», «Жеті атасын білген ер-жеті рулы

Шежірені шежіреші қарттар ауызша таратып отырған. Сондықтан, оны кейбір ғалымдар далалық ауызша тарихнама, қысқартып айтқанда ДАТ деп те әсілеттеуі тегін емес.

Бүгінде жеті атаны тану арқылы, күллі қазақтың тарихынан сыр шертетін шежіре жүйесі тарих ғылымының бір тармағы есебінде қарастырылып келеді. Тарихи, әдеби сипатынан бөлек этникалық мәні де аса жоғары бұл ұғым қазақ тағылымында да айрықша мәнге ие.

Бір дастархан басында қарапайым әңгіме айтып отырып-ақ атқарылар бұл істің астарында мол тағылым, ізгі тәлім жатыр.



# Жаз жіберіп, жан берген қара жерге

Наурыз қазақта Ұлыстың ұлы күні, яғни халықтың, мемлекеттің ең басты мейрамы дегенді білдіреді. Сонымен қатар, «Наурыз» сөзінің қазақ ұғымында бірнеше мағынасы бар: 1) жаңа жылдың бірінші күні, 2) жаңа жылдың бірінші айы, 3) қазақша жаңа жыл, 4) наурыз мейрамында берілетін ас тағамдардың аты (Наурыз көже), 5) жаңа жылда айтылатын өлеңдер мен жырлардың аты (қазақ әдебиетінде «наурыз жырлары» деген атпен белгілі). Қазақ жұлдызнамашыларының есебіне сүйенсек, қыс пен жаздың ауысатын уақыты тоғызыншы наурызға дәлме-дәл келген. Қазақтар осы тағылымды орыстың қол астына түскенге дейін берік ұстанып келген және ескі жылдың шығып, жаңа жылдың кіруін сегіз күн бойына мерекелеген. «Қазақ» газеті шығып тұрған кезде жылма-жыл тоғызыншы наурызда Алаш зиялылары Наурыз мейрамының мән-жайы туралы өз ойларын жазып, халықты құттықтап отырған. Сөйтіп, Алаш зиялылары көктем мерекесін азаттық идеясымен мазмұндастырған.

Наурыз – қазақ пен оған бауырлас Шығыс халықтарының ықылым замандарда отқа, күнге, айға, суға табынған кездерінде пайда болған, яғни табиғаттың қойнына, күн мен түннің тенеуінен шыққан маусымдық мейрамы.

Зороастризм дінін, оның негізі жазылған үндіеуропа тілдерінің түп қазығы «Авестаны» ұзақ зерттеген ағылшын шығыстанушысы Мэри Бойстың пікірінше, «Ең үлкен зороастризм Наурыз мерекесін Зәрдөштің өзі жасаған». Сондай-ақ, ол «Пайғамбар Зәрдөш көне дәуірде өмір сүрген, оның жолын ұстаушылардың өзі оның қашан, қайда пайда болғанын ұмытқан, бұрын әртүрлі ирандық тайпалар Заратуштраны өз отандарында болған деп көрсетуге тырысты. Көпке дейін ол Иранның солтүстік-батысында, Әзірбайжанда өмір сүрген деп те көрсетілді. Шын мәнінде, ол Азия даласында, Еділдің шығыс жағында өмір сүргені анықталды» – деп тұжырымдайды. Ал, ғалым Е.Бертельс «Зәрдөш б.з.д. VI ғасыр аяғында өмір сүрген» – деп нақтылай түседі.

Қазақ шежірелеріне қарағанда «Наурыз бен Алаш бірге туған адамдар»:

«Қазақтан – Наурыз, Алаш екі ұл туған,  
Наурыздың деп айтады үлкен жасын.  
Ұрпақсыз өлген Наурыз жазғытұры,  
Келер жыл көктемде оның беріпті асын.  
Қазақтың балалары сонан бері,  
«Наурыз» деп қойыпты атап жылдың басын».

Наурыздың қазақ қоғамындағы ролі кез келген астан, тойдан, басқа да шаралардан жоғары. Абай «Біраз сөз қазақтың қайдан шыққаны туралы» деген қарасөзінде Наурыз тарихын көшпелі халықтардың «хи-бағи», «хұзағи» деп аталған заманына дейін апарып, «Ол күнде Наурыз бір жазғытұрым мейрамы болып, наурызнама қыламыз деп, тамаша қылады екен. Сол күнін «Ұлыстың ұлы күні» дейді екен» – деп жазады. Ақын Наурыз тойын дінге жалғастырмай, көктем мерекесі екенін ашық айта келе, «Ұлыстың ұлы күні» деген сөздің өз заманында алғашқы мәнін өзгертіп, Құрбан айтқа байланысты айтыла бастағанын былай деп ескертеді:

«Жаз жіберіп, жан берген қара жерге,  
Рақметіне Алланың көңіл сенер,  
Мал семіреп, ақ пен ас көбейер,  
Адамзаттың көңілі өсіп көтерілер».

Қазір біраз жұрт Наурыз мейрамы басталғалы бері «Наурыз парсы тілінде жаңа күн» деген ұғымды білдірсе, «бұл өзі бізге парсыдан, шығыстан келген мейрам екен ғой» дейді. Шын мәнінде солай ма? Біздің ойымызша, XVIII ғ. басында қазақтар жоңғардан шегініп, атажұртын тастап, Бұхара, Самарқан, Жиделібайсыңға барып, ел-жұрт азат болған соң ата қонысына қайта оралғанда «Наурыз» сөзін ала келген. Бұған дейін қазақ халқы бұл мейрамды «Ұлыс», «Ұлыстың ұлы күні» деп, соңынан «Ұлыстың ұлы күні – Наурыз» деп айтатын болған. Шәкәрім бұл процесті айқын ашып көрсетеді: «Наурыз – парсы тілі: Жаңа күн деген сөз. Мұны қазақтар Бұқар, тәшкендік жоқалардан үйренген. Ескі қазаққа (ескі түрікке) Жаңа жыл күнінің аты – Ұлыс». Қожа-молдалар ескі әдетті қалдырамыз деп Құрбан, Ораза айттарын Ұлыс күні дегізіп, Ұлысты Наурыз дегізген. Жыл басының Ұлыс екенінің тағы бір дәлелі мынау: Ұлыс күні қазан толса, ол жылы ақ мол болар, Ұлы кісіден бата алса, сонда олжалы болар».

Наурыз – қазақтың ұлттық мейрамы, төл мерекесі екеніне Алаш арыстары да қалам тербеген. Ахмет Байтұрсынұлы: «Наурыз – қазақша

жыл басы. Бұрынғы кезде һәр елде наурыз туғанда мейрам қылып бас асып, қазан-қазан көже істеп, ауылдан ауылға, үйден-үйге жүріп, кәрі-жас, қатын-қалаш бәрі де маз болып, көрісіп, араласып калушы еді. Бұл кезде ол ғұрып қазақ арасында қалып бара жатқан секілді, құтты наурыздың қай айда, қай күні болуы хақында һәр түрлі сөйленеді. Біреулер наурыз марттың бірінде, екіншілері тоғызинда келеді деседі, һәр жұрттың белгілі күнде жаңа жылы туады. Ескі жыл бітіп, жаңа жыл басталғанда: «Жаңа жыл қайырлы болсын! Жаңа бақыт кәсіп болсын!» деп құттықтасады, ол күнді мейрам қылып шаттықпен өткізеді».

Міржақып Дулатов «Орыста мейрам көп, қазақта айран көп» деген мәтелді тілге тиек ете келе былай деп жазады: «Мұсылман жұрттарына ортақ, жылына екі рет келетін Ораза, Құрбан айттарын есепке алмағанда, бізде жалғыз мейрам бар, ол – Наурыз».

Наурыз – қазақтың шын мағынасындағы ұлт мейрамы... Наурызды біздің қазақтың мейрам етуі айрықша сыйымды, артықша дәлелді. Неге десеніз, наурыз (марттың) ескіше тоғызинда, жанаша 22-сінде күн мен түн тенеуеді, қыс өтіп, жаз жетіп, шаруа кенеледі. Қыс бойы ақ көбіннің жамылып, өлім төсегінде жатқан табиғаттың, жанды-жансыздың тірілуі кімнің болса да көңіліне шаттық беретіні анық болса, тіршілік жағынан қыстың өтуіне, жаздың жетуіне қазақтан артық тілектес, қазақтан артық қуанатын ел жоқ деуге сияды».

Наурыз ұлан-байтақ қазақ жерінің ауа райына байланысты әр түрлі кезеңде атап өтілген. Күз үйдің есігінен күн түссе мұны «күз» деген. Бұл ақпанның 19-ы мен нау-

**Қазір біраз жұрт Наурыз мейрамы басталғалы бері «Наурыз парсы тілінде жаңа күн» деген ұғымды білдірсе, «бұл өзі бізге парсыдан, шығыстан келген мейрам екен ғой» дейді. Шын мәнінде солай ма?**

рыздың 20-сы аралығында болады. Осыған байланысты Сыр қазақтарында «Үйге үт кірді, егіншінің көкейіне күт кірді» – деген мәтел бар. Онтүстік өңірде «Жыл басы жылқышы торғайдың ұшып келуімен» орайластыра мерекеленеді. Батыс Қазақстанда 14-15 наурызда «көрісу» дәстүрі бар, бұл күн: олар туған-туыс, дос-жаранға қонаққа барып, әртүрлі тарту жасайды. Батыс қазақтарының наурыздың 14-де көрісу салтын жасап, мейрамды қарсы алуы, Омар Хайям заманында парсы патшаларының жаңа жылды 14-нен бастап қарсы алуы, яғни, ескі күнтізбеден қалған жора-жосынды көрсетеді. Себебі, Каспийдің о жақ, бұ жағындағы иран-түран халықтарының діни пәлсапалық, саяси экономикалық байланысы ғасырлар бойы үзілмей келе жатқан үрдіс. Ал, Орталық Қазақстан тұрғындары жаңа жылды Үркердің аспанның батыс бөлігіндегі жас Аймен тоғысуына қарап, көшірек қарсы алады.

«Екі батыр соғысты, Үркер мен Айдай тоғысты», – дейді халық ауыз әдебиетінде. Себебі, Сәуір (Үркер) жұлдызы наурыз айына дәл келеді. «Сәуір болмай, тәуір болмайды» – деген мәтел көктемгі күн мен түн теңелген тұстағы, Айдың жаңа орағының алдындағы Сәуір (Өгіз) жұлдызының тоғысына байланысты айтылған. Бірақ, қазақ «Сәуір мен Ай тоғысты» демейді, «Ай мен Үркер тоғысты» дейді. Бұл тұрғыдан келгенде Сәуір (Өгіз) – жұлдыздың аты және амал. Сон-

## «Көтерген Ай сұлуды Алып өгіз Көтерген Аспан туы, ол – Наурыз» (Низами)

дықтан, апрель айын Сәуір демей, көкек деп атаған дұрыс.

Қазақ есепшілерінің тәжірибесіне сүйенсек, Үркер күздің басында шығыстан, қыстың басында төбеден, ал көктем басында аспан етегінен көрініп, жазға қарай мүлдем батып кетеді. «Үркердің жерге түсуі» делінетін осы кезеңге 40 күн жазғы шілде сәйкес келеді. Бұл кезеңде Үркердің көкжиектен көрінеу се-

жылға арнап ақындар мәтінін жазып, оқу-ағарту саласына таратса, наурыздың мазмұны байи түсер еді. Халқымызда дастарқан батасы, мал батасы, жан батасы, жорық батасы, аң батасы секілді наурыздың өз батасы бар. Әр үйде көже жасалып, ел аттылы-жаяу, ішгерінді-кейінді, мөз-мейрам болып үйлерге кіріп, шілде сәйкес келеді. Бұл кезеңде Сонымен қатар, қазақта Ұлы-



марқанның көк тасы еріген күн наурыздың басталуы екен. Наурызды қарсы алудың бірінші нышаны – үлкендердің балаларға сұрау салуы:

«Самалық, самалық,  
Көк құс көзін ашты ма?  
Аяғың жерге басты ма?  
Самалық, самалық,  
Самарқанның көк тасы Жібіді ме, көрдің бе?  
Самалық, самалық,



бөбі – Күн жолы наурыз айында дәл соның үстінен өтеді. Қазақстанның кейбір жерлерінде ғана, мәселен, Орталық өңірлерде осы кезде Үркердің қос жұлдызы, бұқаның мүйізі секілді, батқан күн жолының екі жағынан қылтып көрінеді. Аспан көгіндегі дәл осы көріністі Қазақстан жартастарына шимайлаған петроглифтерден – мүйізімен Күн көтеріп тұрған алып Көк өгіздердің суреттерінен көруге болады. Біздіңше, бұл сахна арқылы ежелгі түркілер аспан белдеуіндегі Күннің жолы мен Жерге келген жаңа жылдың символын бейнелеген.

Наурызға өгізді құрбандыққа шалу олардың қадым замандардан келе жатқан астрономиялық түсініктерімен байланысты, ал жас балалардың маңдайына қанмен дөңгелек салу дәстүрі – Күнді құрметтеуден туған көне ырым (культ).

Ертедегі Шығыс астрономдары мен жұлдызнамашылары Наурыздың аптаның қай күні кіретініне қарай, бүкіл жылдың сипаттамасын берген. Қожа Әли Термизидің (859-932) «Наурызнамасында» Наурыз сәрсенбі күні кірсе өте қиын жыл (қымбатшылық, опат, ашаршылық, т.б.). Сонымен қатар, жұма, сенбі күндері кірген жылдар жақсы болмайтынын көрсетеді, ол аптаның басқа күндері жақсылық жылдары деп есептеледі. 80-нен аса тарих, пәлсафа, дін, діни наным-сенімдер туралы жазған шығыс ғұламасының бұл еңбегі Наурыз тарихын зерттеушілерге таптырмайтын жәдігер.

Наурызды мейрамдаудың дәстүрлі белгілерімен (көрісу, көже, ұйқыашар, самалық айту, діреткізер, селтеткізер, т.б.) қатар әр аймақта өзіндік сахналық рәсімдер өткізілген. Мысалы: Шыңжаң қазақтарында 12 бала әр жылдың атына бөлініп: тышқан, сиыр, барыс, қоян, ұлу, жылан, жылқы, қой, мешін, тауық, ит, доңыз болып бетперде жасап, жылан болып ысықырып, ит болып ұшып, сиырша мөңіреп, қойша маңырап, жылқыша кісінен, әр жыл бір-бірімен айтысқан.

Сиыр жылы мен Жылқы жылының айтысы: «Емшегім – сүт, терім – бұйым, денем – ет, Сен Жылқы, мен тұрғанда адамға шет.

Әрбір үйдің әрдайым мен қасында, Сен бір безбе, кісендеулі қашпанда», – дегенде, жылқы бүркеншігіне жасырынған бала: «Жау келгенде жұртта қалдың сен сасып, Жақсы болсаң кетер едің бел асып.

Қымыз барда сүт қазаққа тамақ па,

Сенің құның татымайды жармаққа!», – деп кісінеген болады. Тегінде осы жыл айтысының әр

стың ұлы күні – Наурызды «Ұзынсары» деп те атайды. Мұндайда Наурыз келгенде – «Ұзынсары келді» дейді.

Қазақ ауылдарында ертеде тайқазан, нарқазан деп аталатын үлкен қазандар болған. Қазан – сонау скиф – сақ, ғұн заманынан келе жатқан «жеті қазынаның бірі», ғұрыптық тамақ пісіретін ыдыс. Қожа Ахмет Иассауи кесенесіндегі тайқазан – көшпенділердегі береке мен бірліктің символы.

Ертеректе Наурыз мейрамында ауылдың тайқазанына әр үй өзінің 7 түрлі тағам қосып пісіріп әкелген көжесін құятын, сонда 30-50 тамақ қоспасынан жасалған «наурыз көже» немесе «көп көже» болып шығады. Бұл аспаздық жұмыстың бәрін елге қадірлі, ауылға белгілі әйел – бойбей басқарады. Қазанды иесіне қайтарғанда әбден жуып, түбіне міндетті түрде піскен тамақ (бауырсақ, тоқаш, ет) салып, құлағына ақтық байлап қайтарады, өйтпесе «қазан өкпелейді», «қазан шамданады» деп ырым қылады. Қазақ арасында екі адам ренжіскенде «өкпесі қазандай», «өкпесі қара қазандай» деп айтылатын сөз тіркестері осыдан шыққан. «Қара қазан, сары баланың қамы үшіш», «Қара қазан сары бала, жылан жағыр көп бала» дегеніміз, халық бұқара халық дегеннің баламасы.

Осы арада бір айта кететін жайт, наурыздың қазақ халқының тамақтану мәдениетіне тікелей қатысы бар. Наурызда соғымның қалған-құтқаны көжемен, сыбағамен бітеді, халық жашпай «қызылдан – аққа», яғни сүтті тағамдарға (айран, қымыз, құрт, ірімшік, т.б.) көшеді. Жаздың шіліңгір ыстығында қойдан – бағлан, байлар жылқыдан – тай, кедейлер ешкіден – лақ жеген, бұл төлдердің еті қара күзге, күздік сойғанға дейін адам ағзасына жеңіл болған, мұны маусымдық тамақтану жүйесі, яғни маусымдық диета деуге болады.

Наурызда ойналатын ойындардың бірі – «Қалтырауық қамыр кемпір». Қыс қамырдан иленген кемпір түрінде бейнеленіп, ол қалтырап құлап бара жатқан қысты меңзейді.

Халықтың мифологиялық түсінігінде 21 наурыз түні далаңы, үй-үйлі Қызыр аралайды, сондықтан «Қызыр түні» деп аталады. Қызыр үй іші, қора-қопсысы, ауласы және киген киімі мен ішкен тамағы таса адамдарға қонады. Сол себепті, ауыл-үй түгел наурыздың алдында кір-қондарын жуып, таза киімдерін киіп, үй ішін, қора-қопсысын тазалайды. Қызыр бас бармағы былқылдап тұратын, ақ сақалды қария екен, амаңдасқанда бармағынан білуге болады деп жатады.

Қызыр ата табиғатты аралап жүріп, назары жерге түссе, қыстың тоң-мұзын ерітіп жібереді, ал тасқа түссе тас та балқиды екен. Са-

Қап тауының көк құсы Жүгірді ме, көрдің бе?».

Қазақтардың астрономиялық түсінігі бойынша, Жаңа жылда Күннің көзі көрінген уақыттан кейінгі екі сағат уақыт «күн сәті» деп саналады. «Егер кімде-кім Ұлыс күнінің күн сәтінде күн шұғыласын маңдайымен тосып қарсы алса, оған Наурыз құты дариды» деген дәстүрлі ұғымға сай, Жаңа күнді қарсы алу салты қалыптасқан. Күлімдеп көрінген Күнге иіліп сәлем беріп, «құт дарысын» деп, айнала төңіректе ақ бүркіп тарасады.

Жаңа жылдың бірінші күнінде күннің қалай атқаны, оның түр-түсі есепшілердің үнемі назарында болады. Жұлдызшылардың тәжірибесіне сүйенсек, күн бұл таңда төрт түрлі болып атуы мүмкін екен: 1) Күн егер жаңған оттай қызарып, қан қызыл болып шықса, ол жылы өлім-жітім, өрт көп болады, соғыс, қантөгістер де болуы мүмкін; 2) Егер күн түсі сары қызыл тартып, ыстық леп біріккен бетке ұрып, шаққайрып шықса, ол жылы құрғақшылық болады. Таулы аймақтарда жиі-жиі тасқын болып, шалғанды далада жиі-жиі өрт шығады; 3) Күннің түсі күңгірт тартып, қораланып, солығы көрінсе, ол жылы жауын-шашын ерекше көп болады; 4) Күн сәулесі жан-жаққа шашырап, шапағын төге рауандап атса, ол жылы жаңға жайлы мол-

**Міржақып Дулатов «Орыста мейрам көп, қазақта айран көп» деген мәтелді тілге тиек ете келе былай деп жазады: «Мұсылман жұрттарына ортақ, жылына екі рет келетін Ораза, Құрбан айттары есепке алмағанда, бізде жалғыз мейрам бар, ол – Наурыз».**

шылық болады.

Ұлыс күнінде сәлемдесудің қалыптасқан дәстүрі бар, ер адамдар қос қолдасып, төс соғыстырады, әйелдер болса құшақтасады, ерлер мен әйелдер кездессе құшақ айқастырады. Қос қолдап амандасып, төс соғыстыру өмір тірегіміз – төсім, тіршілік көзіміз – екі қолым аман-сау болсын дегенді білдіреді.

Наурызда әр үйдің есігі ашық дастарқаны жаюлы тұрады. Дәстүр бойынша әр адам міндетті түрде қырық үйге кіріп, дәм татқаны дұрыс деген тәмсіл бар.

«Ұлыс күні кәрі-жас Құшақтасып көріскен, Жаңа ағытқан қозыдай Жамырасып өріскен. Шалдар бата беріскен:

Сактай көр деп терістен,  
Кел, таза Бақ кел десіп,  
Ием, тілек бер десіп,  
Көш, Қайрақан көш десіп,  
Көз көрмеске өш десіп...»

Қайрақан – қазақтың исламға дейінгі пантеонында жаманшылық иесі. Бұл туралы М.Әуезов былай дейді: «... Мұнда баяғы заманда, Ұлыстың ұлы күні қалың елдің жаңа тілек тілейтіні көрінеді. Жұп шырақ жағу, кетік аяқ, кетік шөміш сындыру, көріскенде «Таза бақ кел» деп, «Көш, Қайрақан көш» аластау – барлығы да сол заманның тілегі».

Ежелгі түркілердің мифологиялық көне түсінігі бойынша да жақсылық жаршысы – аспан шамшырағы, Күн бейнесі Ұмай ана. Сондықтан да, қазақ елі жаңа түскен келді табалдырықтан оң аяғымен аттата сала, «От – ана! Май – ана! Жарылқа! Жарылқа!» деп отқа май құйғызды. Осы ізгі ниетті ақ тілеудегі «От – ана» – қазақтардың мифологиялық кейіпкері Үт биеш те, ал «Май – анамыз» – Ұмай ана.

Ата-бабаларымыздың ұғымынша, «Күн», «Ана», «Құт-береке», «Молшылық», «Мейірім» – барлығы да бір ұғымға саятындықтан, қыз бен жігіт тартысында Жаңа жылдың, қасиетті Күннің күрметіне қыз баланың жеңгенін мақұл көрген.

Қазақтардың Жаңа жылда алғаш шапақ атқан күнді қарсы алып, оған иіліп сәлем етуі немесе қымызмұрындық тойында алғашқы қымызды Күнге иіліп, тәжім етіп ішуі секілді көне дәстүрлері олардың ежелден-ақ Күнге табынған сәк жұртының жұрағаты екенін дәлелдей түседі.

Ауыз дуалы қариялар мен ел басқарған көсемдер Наурыз мейрамы үстінде ұрпақтары ұмытпай айта жүретін аталы, ұлағатты бір сөз артына қалдыратын дәстүр болған екен. Бір күн ойланyp, ойлы сөз таппаған адамды көп алдында айыптап, тіптен ағынды өзенге лақтыратын да болған. Осындай сыңа ұшырап, қанша ойланса да жүйелі сөз айта алмаған бір батыр суға лақтырылар тұста аузынан «Көп қорқытады, терең бағырады» деген сөз шығып, жазадан аман қалыпты-мыс деген ел аузында әңгіме бар.

Наурыз мейрамы келерде «Самарқанның көк тасы еріді» деген мәтел бар. Бұл қыс бойы қатып жатқан табиғаттың көктем келгенде еріп, жаңа түрге енуі сияқты адамдардың да мінезі мен пейілі кеңіп, мейірімі оянып, кек сарқаймай, табиғаттай болып, жинап жасарып, рухани жаңаруы дегенді білдіреді.

Наурыз күні адамдар бақай есеп, пенделілік аталудан тазарып, ар-ұжданы алдында арылуы керек. «Ұлыс күні алдына келсе, атаның құнын кеш», «Жақсылыққа жақсылық – жай адамның ісі, жамандыққа жақсылық – ер жігіттің ісі», «Тас атқанға – ас ат» секілді нақылдарды өзеке етіп, ту көтерген билер, ақсақалдар ат қауырлан кесісіп, араға жік түскен бауырлас ел, руларды, ағайын, дос-жарандарды бір дастарқаннан дәм таттырып, табыстыраған, осылайша ел бірлігін қушайтқан.

Отбасын теңгертіп жібергендерді қайта қосып, жалғыз-жарым жетімдерді үйлелдіріп, жеке отау қылан. «Сүйекке дақ, етке таңба болмасын» деп кембағал, мүгедектерді жақын туыстарының қарауына арнайы міндеттеп тасырған. Ауылда, елде отырып қалған қыз, үйленбей жүрген жігіт болса елбасылары ақсақалдар кенесіп, басқа ауылда сондай адамдар болса қосып, жаңуа қылатын. Әсіресе отырып қалған қыздың кесірі тиеді деп теңін тауып береді.

Мейрамдау – ұлттық сананың бір көрінісі, керек десеніз, ұлттық идеалы сарынды, сол себепті де, Алаш арыстарының Наурызды барынша насихаттап, елін езіткен алып шығып, ұлтының рухын көгермекші болады. Енді егеменді ел болғанда, Ұлыстың ұлы күнінің халық жадынан ұмытылған сырлары мен қырларын қайта жаңғырту бүгінгі күннің талабы.

Қорыта айтқанда, Наурыз мейрамы төрт кезеңнен тұрады: 1. тазалану – алдымен адамдардың рухани тазалануы, жаман ойдан, уайым-қайғыдан, кек сақтаудан, араздық, қызғаныш, қоралмаушылық, пенделілік, сараңдық т.с.с арылу, татуласу; үй-іші, қора-қопсыны, арық-тызды, тоғандарды, көшелерді тазалау; 2. құттықтау, бата алу, бата беру – яғни адамдар таза киімдерін киіп, бір-бірімен көріседі, жақсы тілек айтысады; 3. мерекелік ас-тағам: наурызнамаға арнап мал сою, наурыз көжеден дәм тату; 4. Мейрамдау – адамдардың көшеге, алаңдарға шығуы, концерттік бағдарламалар, ұлттық ойындардың көрсетілуі және тағы басқа.

**Ахмет ТОҚТАБАЙ, тарих ғылымдарының докторы, профессор**

БІЛІМ ОШАҚТАРЫНДА

Мәшһүр Жүсіп кабинеті ашылды

Биыл Алаш жұртының әйгілі перзенті, ғұлама ғалым, ақын, фольклоршы Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының 165 жылдығына орай Қарағанды қаласы білім бөлімінің қолдауымен №12 ЖББ мектебінде «Ұлы дала кеменгері – Мәшһүр Жүсіп» тақырыбында қалалық конференция өтті.

теушілік қабілетін анықтау, озық тәжірибені тарату.

Конференция қатысушылары 3 бағыт бойынша жоба жұмысын қорғады: 1-бағыт М.Көпеев: тұлға және таным (қазақ халқының қоғамдық-саяси тарихындағы орны, зерт-

сіңірген еңбектеріне қатысты тың ізденістер); 3-бағыт «Білімді зерек адам болам! – десең...» (Мәшһүр шығармаларындағы ұлттық құндылық пен тәрбие мәселелері).

Оқушылардың тиімді зерттеушілік қабілетін анықтау және озық тәжірибені тарату, Мәшһүр Жүсіп Көпеевтің шығармашылығы мен өмірі туралы білімдерін кеңейтуге мүмкіндік беретін идеялармен, шығармашылық бастамалармен алмасу мақсатын көздеген шара қатысушылардың көңілінен шықты. Мұндай шаралардың жас ұрпақты өз халқының тарихын, тегін, салт-дәстүрін, тілін, білімін, адамзаттық мәдениетті, адами қасиетті терең түсінетін шығармашылық тұлға етіп тәрбиелеуге көмегі көп.

Әділқазылар шешімімен үздік жұмыстар қалалық білім бөлімінің I, II, III дәрежелі дипломдарымен, Алғыс хатпен марапатталды.

Сондай-ақ, конференция аясында Ұлы ақын, шежіреші-тарихшы, этнограф, философ, ауыз әдебиетін зерттеуші, ойшыл, ғұлама ғалым бабамызға арналып демеушілердің көмегімен Мәшһүр Жүсіп кабинетінің ашылу салтанаты өтті. Осы шараға арнайы Мәшһүр Көпеевтің шөбересі Әсет Қажымұқанұлы Пазылов қатысты.

Ұлы бабамыздың ғылымды мәңгі өмірсіз қылу арманын жалғастырмақ ниетпен 2021-2022 оқу жылынан бастап, педагогикалық кеңес шешіміне сәйкес, мектебімізге Мәшһүр Жүсіп бабамыздың есімін алу мақсатында жоeparлы жұмыстар жүргізілуде.

Ардақ ТУСПОВА, №12 ЖББ мектебінің қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі

Еске алу

Қарқаралы ауданы, Бесоба ауылының тумасы, Қарағанды қаласының тұрғыны болған асыл жар, ардақты анамыз Жанна Төлеубекқызы ЕҢСЕБАЕВНЫҢ бақилық болғанына биыл бір жылдың жүзі болды. «Анасы бар адамдар ешқашан қартаймайды» деген өлең жолдарында айтылғандай, анамыз өмірден өткені біз үшін есейдік. Орнын еш адам алмастыра алмайтын жанды сағынумен, сарғаюмен жыл өтті. Көңілге түскен қаяу мұның салмағы ауыр. Жанымыз жабырқап, салымағы суға кетті, ана, өзінді аңсап. Ендігі барар жерің пейіштің төрі болсын!



Сағындық қой мөлдіреген көзінді, Көргіміз кеп мейірімді жүзінді. Амал қанша, арамыздан бөлектеп, Қатал тағдыр алып кетті өзінді.

Нұрлы үнің жадымызда жаңғырып, Есіміңді айтып жүрміз ән қылып. Жаратушым панасында жарылқап, Пейіш бақтан орын берсін мәңгілік!

Еске алушылар: жұбайы – Мағзұм, балалары, немере-жеңдері, туған-туысқандары.

t/6



Конференцияның мақсаты – кеңестер, ойшыл Мәшһүр Жүсіптің рухани мол мұрасын жаңа көзқарас тұрғысынан жан-жақты терең талдап, мектеп оқушылары мен ұстаз-

дары арасында кеңінен насихаттау, таныту. Сондай-ақ, жалпы білім беретін мектептерде оқушылардың шығармашылық қабілетін, эстетикалық, философиялық талғамын, зерт-

теуші ғалым, этнограф-шежіреші, тарихшы ретіндегі шығармашылығын зерттеу); 2-бағыт М.Көпеев дүниетанымының қайнар бастаулары (әдебиет саласына

АЛҒЫС

Шәкірт жетістігі – ұстаз абыройы

Ақтоғай елі қашанда әншілер мен күйшілер мекені екені мәлім. Табиғат берген дарынын дамытып, келешек ұрпаққа үлгі етуде еселі еңбек етіп, сүбелі үлес қосып жүргендер баршылық. Соның бірі – білікті ұстаз Думан Жақупов.

Думан Базаралыұлы Ақтоғай ауылындағы өнер мектебінде көп жылдан бері оқушыларға ән үйретеді. Осы жылдар ішінде асыл өнерді көп шәкіртінің бойына сіңіріп, елдің алғысына бөленді. Қашан көрсен, үлкен қалаларға, шет елге шәкірттерін жетелеп, байқауларға қатысып жүреді. Немерелерім Нұрәли мен Жәмила осы Думан ұстаздың жетекшілігімен 2016 жылы

Л.Мельникованың облыстық музыка байқауында, Қарағанды қаласындағы II халықаралық «Ақ сұңқар» балалар, жасөспірімдер және ересектер шығармашылығы бойынша фестиваль-конкурсында Гран-при, 2017 жылы Алматы қаласында өткен X республикалық «Алматы жүрегімде» балалар мен жасөспірімдер арасындағы ән-би және өнер байқауында бас жүлдені, 2018 жылы Қарағанды



қаласындағы «KARAGANDA MUSIC FESTIVAL» I ашық фестиваль-конкурсында бас жүлдені, 2020 жылы Алматы қаласындағы «Біз бақытты балалармыз» республикалық балалар мен жасөспірімдер байқауында I орын иеленді.

Думан Базаралыұлы еңбекқорлығының арқасында әрқашан биікте жүретін азамат. Балалармен тіл табыса білуі, үлкен-кішімен сөйлесудегі мәдениетті тәнтгі етеді. Немерелерімізді де мәдениетті болуға тәрбиелегені үшін ұстазға алғыс білдіреміз.

Тілеуғабыл НУРАХМЕТОВ

Хабарландыру

Қарағанды облысының тілдерді дамыту жөніндегі басқармасы 2023 жылғы 18 сәуірде үш тілді (қазақ, ағылшын, орыс тілдерін) жетік меңгерген облыстың 15 жастан 30 жасқа дейінгі тұрғындары арасында «Тілдарын» облыстық байқауын өткізеді.

«Тілдарын» облыстық байқауы 3 кезеңнен тұрады:

- 1) «Сөзтаным» – экранда көрсетілген мәтінді оқып, мәтіндегі көнерген сөздің мағынасын қазақ тілінде ашып айту (2 мин.);
2) «Ойтаным» – экранда көрсетілген қазақ елінің ұлы тұлғалары, еліміздің жетістіктері және т.б. сұрақтарға орыс тілінде жауап беру (2 мин.);
3) «Елтаным» – экранда көрсетілген еліміздің тарихы туралы сұрақтарға ағылшын тілінде жауап беру (2 мин.).

Байқау туралы Ереженің мәтінімен толығырақ Қарағанды облысының тілдерді дамыту жөніндегі басқармасының ресми сайтында https://www.gov.kz/memleket/entities/karaganda-til-damytu/about?lang=kk танысуға болады.

Байланыс телефондары: 8/7212/51-01-88, 87019530937.

®

Жарамсыз деп танылсын

Айман Касқырбаевна Айдымбекова атына берілген «Күміс алқа» №227 984 (2010 жылғы қыркүйектің 21-дегі Жарлық бойынша) жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын.

®

Қарағанды облысы бойынша Ішкі мемлекеттік аудит департаментінде мемлекеттік қызметшілерінің Ар-намыс кодексін, мемлекеттік қызмет және жемқорлыққа қарсы күрес туралы заңдарының нормаларын департамент қызметкерлерінің бұзу фактілерін хабарлау үшін 9.00-18.00-ге дейін жұмыс тәртібімен 56-31-35, 56-25-82 сенім телефондары қызмет етеді. Жеке және заңды тұлғалардың өтініштеріне арналған электрондық мекен-жайы fink.kar@minfin.gov.kz

®

Қарағанды облысы: ауа райы

Table with 3 columns: Date (17 наурыз, 18 наурыз, 19 наурыз) and 3 rows of weather data for different districts: Қарағанды қаласы, Абай ауданы, Ақтоғай ауданы, Бұқар жырау ауданы, Қарқаралы ауданы, Нұра ауданы, Осакаров ауданы, Шет ауданы.

Ақпарат https://www.gismeteo.kz/ сайтынан алынды

®

Еске алу

Бұл жалғаннан мұңсыз өткен пенде бар ма екен?! Әй, қайдам. Еркіннің де орындалмаған арманы, мұңды кездері болған шығар. Қандай өкпесі, назы, тарқалмаған шері болса да ішінде кетті. Сыртқа сыр білдіріп, мұңын шағып, өміріне налып, әлсіздік танытпады. Оның ғылымға қосқан еңбегі ұшан-теңіз, ал адами қасиеті, тіпті, керемет еді. Жер қозғалса да қозғалмайтын, кісінің соңынан ғайбат айтпайтын, байсалды да салмақты мінезін сақтап, паң қалпында, 65 жасқа қараған шағында бақилыққа кете барды. Еркіннің барзақ әлеміне аттанғанына да бір жылдың жүзі болып қашты.



Екеуіміз бір ауылда туып-өстік. Жезқазғанға бара калсам, міндетті түрде кездесіп, көп әңгімелесуші едік. Байсалды қалпынан таңбайтын, көп сөзге жоқ. Жасынан солай еді, онан соң нақты ғылыммен айналысқандықтан, мамандығы да мінезіне таңба түсірген болар. Енді Еркін Бейсенбекұлының фәнидегі жүріп өткен жолына тоқтала кетейін.

Халықаралық Ақпараттық Академиясының академигі, физика-математика ғылымдарының докторы, профессор Еркін Бейсенбекұлы АРЫНОВ 1957 жылы бұрынғы Ульянов ауданына (қазіргі Бұқар жырау, өзінің бабасының атындағы) қарасты Алабас ауылында дүниеге келген. Мектеп табалдырығын №2 қазақ мектеп-интернатында (қазіргі Н.Нұрмақов атындағы) аттады. Жасынан зерек, алғыр Еркін 1971 жылы Қаныш Сәтбаев атындағы дарынды балаларға арналған Республикалық физика-математика мектебіне қабылданды. Оны бітірген соң, С.Киров атындағы (қазіргі Әл-Фараби атындағы) Қазақ мемлекеттік университетінің механика және қолданбалы математика факультетіне оқуға түсті. 1980 жылы жоғары білімді жас маман Жезқазған қаласындағы Қарағанды политехникалық институтының филиалына жұмысқа кірді. 1989 жылы физика-математика ғылымдарының кандидаты дәрежесіне диссертация қорғады, 2000 жылы Новосібір қаласының академикшілдері физика-математика ғылымдарының докторы ғылыми атағына диссертациясын сәтті қорғады. Оның ғылыми еңбектері Қазақстанда, шет елдер мен Ресейде лайықты бағаларын алды. Ө.Байқоңыров атындағы Жезқазған университетінде «Жоғары математика» кафедрасының доценті, физика-математика факультетінің деканы, «Физика және математика» кафедрасының меңгерушісі және «Тау-кен ісі, металлургия және жаратылыс тану» кафедрасының профессоры лауазымдарына болды. ҚР БҒМ тарапы бойынша жоғары оқу орындарының мемлекеттік аттестаттау комиссияларының, ҰБТ өткізу кезінде көшпелі комиссияның, ҚР БҒМ жоғары оқу орындарында МАК төрағасының құрамында жұмыс істеді. 2004-2010 жылдары Ө.Жолдасбеков атындағы ҚР ҰҒА механика және машинатану институты жанындағы Жалпыкәсіптік пәндер жөніндегі біріккен диссертациялық кеңесінің және Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ жанындағы докторлық және кандидаттық диссертацияларды қорғау жөніндегі диссертациялық кеңесінің мүшесі болды.

Отандық және шетелдік баслымдарда 6 монография мен 80-нен астам ғылыми жарияланымдардың авторы.

Еркін Арыновқа ҚР БҒМ «ЖОО-ның үздік оқытушысы» атағы берілді, ол университеттің «Үздік оқытушысы» және «Үздік ғылыми қызметкері» номинацияларының жеңімпазы болды.

Жезқазған қаласы және Қарағанды облысы әкімдерінің мақтау грамоталарымен, ректордың Алғыс хаттарымен, ЖезУ-дің Құрмет медалімен, «Еуропалық сапа» – «Gold Medal «Europer Quality» алтын медалімен және Ахмет Байтұрсынұнов медалімен марапатталған.

Еркін Бейсенбекұлы жарық жалғаннан барзақ әлеміне бытырғы жылы 11 сәуірде аттанды. Оның артында жан жары, балалары, немерелері, бауырлары, ағайын-туысы, ел-жұрты, достары мен әріптестері қалды. Өмірге өшейітін із тағдады.

Жатқан жерің жайлы, топырағың торқа, жаның жәннатта, тәнің рахатта болсын. Еркін бауырым! Оқуған дұғамыз қабыл болсын!

Еске алушы: бүкіл Алабас ауылының тұрғындары атынан, аға Амангелді Жарылғасынұлы Жүнісбек, Қазақстан Республикасы Журналистер одағының мүшесі

®

Марал Мухсинқызы Нуржигитованың мезгілсіз қайтыс болуына байланысты туған-туыстары мен отбасына қайғыларына ортақтасып, көңіл айтамыз. Бұл орны толмас қазада сіздердің қайғыларыңызға шын жүректен ортақтастығымызды білдіргіміз келеді. Бұл – бәріміз үшін мезгілсіз келген қайғы, өкініш...

Ол үлкен адамгершілігімен, шынайы ақылдылығымен және жоғары кәсібилігімен ерекшеленді. Ол өзінің тәжірибесінің, білімінің, жоғары моральдық-этикалық қағидаларының арқасында көптеген жастарға үлгі бола білді.

Марал Мухсинқызы біздер үшін тек әріптес ғана емес. Ол – үлгілі ана, бақытты әже, мейірімді жан, ақылшы дос болды. Үлкен жүректі, жаны жайсаң азаматша еді. Алла оның жанына тыныштық беріп, жәннатта етсін! «Bolashaq» академиясының ұжымы Марал Мухсинқызының мезгілсіз қайтыс болуына байланысты отбасына, туыстары мен достарына қайғыларына ортақтасып, көңіл айтады.

Марал Мухсинқызының жарқын бейнесі біздің жүрегімізде мәңгі сақталады.

«Bolashaq» академиясының ұжымы

®

Бибайша Қасымова, руы Алтай, 01.01.1944 ж. Жаңаарқа өңірінде туған. Егіндібулақ ауданының Шыныбаев әулетінің келіні. Егіндібулақ ауылында 40 жыл дәрігер болып еңбек етті. 14.03.2023 жылы қайтты. Балаларына, туған-туыстарына көңіл айтамыз.

Көңіл айтушылар: Рымбек Бекенұлы Қорабаев, Рымбек қажы Қорабаев, Бекен Ақашев

®

АМАЛ МЕРЕКЕСІ

«Қырдағы ел, ойдағы елмен араласып...»



Ж.Бектұров атындағы Қарағанды облыстық жасөспірімдер кітапханасында Ұлыстың ұлы күні Наурыз мейрамын тойлауға арналған «Наурыз шуағы» тұжырымдамасы аясында 14 наурыз – Амал мерекесіне арналған рухани шара өтіп, дастархан жайылды.

Жәлел ШАЛҚАР, «Ortalyq Qazaqstan»

Наурыз – береке, бірлік айы. 14 наурыз елімізде Наурыз мейрамының басы – Көрісу күні тойланады. Бұл мейрамды Амал мерекесі деп те айтады. Көрісу – жаңару мерекесі, адамдарды бір-біріне жақындастыратын ұлттық салт-дәстүр десек, артық емес. Қазыналы көнекөз қариялардан бата алып, құрмет көрсету – Амал мерекесінің басты рәсімінің бірі. Бұл күні адамдар бір-бірінің үйіне барып, қол алысып, құшақтасып амандасады. Шаттық пен қуанышқа, ақ бата мен молшылыққа толы бұл мереке көтеріңкі көңіл күйге ұласады. Мәре-сәре болған жұрт осы қарқынмен түркі халықтарының Жаңа жылы – 22 наурыз мерекесін қарсы алады. Көрісу күніне арналған көрікті іс-ша-

ра «Әдемі-ай» ансамблінің орындауындағы қазақтың «Шашу» биімен басталды. Көрермен ретінде шараға Қарағанды жоғары гуманитарлық колледжінің, «Bolashaq» жоғары колледжінің, Қарағанды жоғары техникалық колледжінің, Қарағанды медицина университетінің, Қарағанды экономикалық университетінің студенттері және кітапхана қызметкерлері шақырылған. Кітапхана басшысы Нұргүл Қасымханқызы жиылған жұртты аталған мерекемен құттықтап, Қоян жылының табысты, берекелі жыл болуын тіледі. Шараға Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі, жазушы-журналист Сүйіндік Жанысбай және телевизия саласының ардагері Нұрғайым Әліпбекова қатысып, жастарға халқымыздың салт-дәстүрінің тәрбиелік мәнісі бар жөн-жоралғыларды



көрсетіп, бата берді. Кітапхана жанында жұмыс істейтін «БОТА» жастар интеллектуалды орталығының жастары әуелте әсем ән салып, мың бұрала би биледі. Ұлттық нақыштағы сәнді киімдері кештің көркін кіргізіп тұрды.

Хакім Абайдың: «Қырдағы ел, ойдағы елмен араласып, күлімдесіп, көрісіп, мауқын басып» деп жырлағанындай, сұрақ-жауап түрінде еркін форматта өрбіген жиында түрлі келелі әңгіменің тиеті ағытылды.

ЖӘДІГЕР

Көненің көзі – күміс тісшұқығыш

Осакаров ауданының мұражайы тағы бір көне экспонатпен толықты. Бұл туралы аудандық «Сельский Труженик» басылымына Жазира Шойымбаева жазды. Аталған көне бұйым күміс тісшұқығыш болып шықты.

Жан АМАНТАЙ, «Ortalyq Qazaqstan»



Бір көрмеге ол зат қарапайым әшекей іспетті көрінгенімен көне қазақтардың тұрмысынан сыр шергендей. Ғалымдардың зерттеуінше, алғашында бұл бұйым тек қалтаға салып жүруге арналған екен. Әлемде етті ең көп жейтін қазақ халқында жеке гигиенаға сай әр адамның өз тісшұқығышы болған.

Ал, бертін келе, тісшұқығыштың әйелге және ерлерге арналған түрі жасала бастаған. Әйелдерге арналған тісшұқығыштарға құлақ тазалағыш біріктіріліп, бір жиынтық етілген. Тіпті, осы бұйымдар әйелдердің сәнді бұйымдары қатарына енген. Өйткені, аталған тісшұқығыштарға көзмоншақ қондырылып, сондай-ақ, қымбат гауһар тастармен безендіріліп, ақсуіек арулар таққан деседі. Оны қамзолдың немесе бешпенттің кеудесіне ілген. Көне қазақ ұғымында «тіл-көзден сақтайтын құрал» деп білген.

Дәл осындай тұрмыстық бұйымды қазақ әдейі күмістен жасаған. Біріншіден, бұған күмістің тазалығы арқау. Екіншіден, «күміс білезік, күміс сақина таққан қолға жын-шайтан жоламайды, ол адамның қолындағы ыдыс-аяқ адал» деген пайымдар да жоқ емес. Тек әдемі әшекей ретінде ғана емес, күмістелген бұйымдардың денсаулыққа пайдалы жағы да ескерілген.

Мұражайға тапсырылған осынау жәдігердің жалпы ұзындығы – 8 см. Көне зергерлік бұйымды мұражай қорына Арман Төлегенұлы тапсырған екен.

БАЙҚАУ

Өлкені өркендетер өрендер

Келесі жылы Қарқаралы қаласы 200 жылдық мерейтойын атап өтеді. Қарқаралы ауданында осыған орай ұйымдастырылған «Менің өлкем» шығармашылық жобалар байқауының жеңімпаздары марапатталды. Аудандық білім бөлімінің әдістемелік кабинеті ұйымдастырған байқауда I орынды Бесоба, Қызылту және Көктаас ауылдарының оқушылары жеңіп алды.

Жәлел ШАЛҚАР, «Ortalyq Qazaqstan»



– Сайыс Қарқаралы қаласы Әлімхан Ермеков атындағы №2 мектептің базасында өтті. Оған ауылдық елді мекендер мен қалалық мектептерден 5-7 сыныптың 69 оқушысы қатысты. Іс-шара туған өлкенің тарихына, географиясына, био алуандылығына қызығушылық танытатын шығармашылық, дарынды жас буынды анықтауға, олардың ой-өрісін кеңейтуге, патриотизмге және белсенді азаматтық ұстанымға тәрбиелеуге бағытталған, – дейді аудандық білім бөлімінің әдіскері Маржан Мұқашова.

Қатысушылар «Менің өлкемнің тарихы», «Менің өлкемнің символы» және «Менің туған жерімнің болашағы» атты үш номинацияда бақ сынасты.

Байқауға «Үш қазан» табиғат ескерткішінің табиғи-рекреациялық мүмкіншіліктері» жобасын ұсынған Меруерт Рахымбай Бесоба ауылы №8 тірек мектебінің 7 сыныбында оқиды. Ол Жамантас тауындағы үш қазанға ұқсас табиғи ескерткіш туралы әңгімеледі

– Қазанға ұқсайтын таудағы үш ойық тастың орналасу тарихы да ерекше. Диаметрі – 2-4 метр, тереңдігі 1-2 метр болып келген дөңгелек жартастардан сағыланып түсетін үш ойық тас қазанға ұқсағандықтан, «Үш қазан» аталып кеткен. Көбінесе, жергілікті тұрғындар Жамантастың етегінде демалып, осы жерден су ішеді. Таудың басынан ағып тұрған бұлақтан су алады. Су өте таза.

Болашақта мен осы табиғи ескерткіштің жанында этностильдегі шағын демалыс аймағын жабдықтағым келеді. Қонақтар фермерлердің экологиялық таза өнімінен дәм татып, аптен серуендей алатындай. Ал, түскен салық есебінен біздің ауылды дамытуға болар еді. Осы жобам үшін I орынға ие болдым. Меценаттар біздің бірегей тауымызға назар аударып, экотуризмді дамытуға көмектескенін қалаймын, – дейді Меруерт Рахымбай.

Қызылту ауылының №13 негізгі орта мектебінің 5-сынып оқушысы Айбар Бақытжанұлы жүз жылдан астам уақыт бойы тұрғындарды таза ауыз сумен қуанып келе жатқан Төсбұлақ құдығы туралы жобаны ұсынды.

– Айбар өз жобасында ауылдың солтүстік бөлігіндегі төбеде орналасқан Төсбұлақ бірегей құдығы туралы айтты. 1920 жылы ауылды құру туралы шешім қабылданғанда жергілікті тұрғындар су көзін іздей бастаған. Содан Жұманбай есімді ақсақал төбеде әрдайым жасыл шөпмен көмкеріліп тұратын орынды байқапты. Осы жерді қаза бастағанда жер астынан су атқылаған. Ауыл тұрғындары оны таспен қоршап қойды, – дейді жоба жетекшісі Сәуле Шүбарова.

Осылай, құдықтың жанында ауыл етек жая бастаған. Алғашқы екі сыныпты мектеп ашылған. Ал, 2008 жылы Жұманбай ақсақалдың қызы Орынбасар апай құдықтың жанына ескерткіш орнатып, құдық өлкенің символына айналды. Бірақ, ол туралы жергілікті тұрғындардан басқа көп адам білмейді.

Жеңімпаздар жұлдемен және Алғыс хатпен марапатталды. Олар үшін ойын-сауық бағдарламасы да ұйымдастырылды.

Сонымен қатар, қазылар алқасы үздік таныстырылым, шығармашылық жұмыс және бейнежазбаларды һәм командалардың бірлігін ерекше атап өтті.

Бір ғасырлық саптыаяқ – көрмеде

Қарағанды облыстық бейнелеу өнері музейінің ұйытқы болуымен «Наурыз – бақыт мейрамы» атты көрме ұйымдастырылуда. Ұлттық құндылықтарды насихаттайтын көрме 15-26 наурыз аралығында өтеді.

Сағыншы ӘБІЛ, «Ortalyq Qazaqstan»

– Музейдің екі бөлмесі Наурыз мейрамына сай жабдықталған. Киіз үйдің ішіне түрлі жәдігерлер қойылды. Сырлы сандық, оюлы көрпе, бесік, күбі, торсық, ертоқым секілді заттарды кездестіруге болады. Ақтоғай жерінен әкелінген бір ғасырлық саптыаяқ та көрмеге қойылды. Қала басындағы №45 мектептің 2-3 сынып оқушылары ата-аналарымен бірге ұлттық тағамдар дайындап әкеліп, дастархан жаяды. Өз өнерлерін көрсетеді. Ең бір ерекшелігі музейде ұлттық нақыштағы фотозона бар, – дейді музейдің ғылыми-әдістемелік бөлімінің басшысы Мейрамгүл Елубаева.

Көрмені тамашалауға келген адамдарға гид экскурсия өткізеді. Ұлттық ойындар ойнатылады. Әрі ұлттық бұйымдардың жасалу жолы туралы кеңінен мағлұмат беріледі.



ORTALYQ QAZAQSTAN. Қарағанды облыстық қоғамдық-саяси газеті. Директор – Қ.Ж. ӘБІЛДА. Бас редактор – Е.К. МҰСАБЕК. МЕНШІК ИЕСІ: «Saryarqa Aqparat» ЖШС.

Телефондар: Бас редактор: 43-38-53. Бас редактордың орынбасары: 43-57-76. Интернет-редакция редакторы: 43-38-33. Жауапты хатшы: 43-49-72. Жарнама, факс: 43-57-82, 43-21-55.

Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді. Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды. Материалдың жариялану ақысы төленген.

Газет жеткізілмесе 41-26-82, 43-57-88 телефонна хабарласыңыздар.

ТЕННИС

Аланның деңгейі жоғарылады

16 жасар қарағандылық Алан Құрманғалиев Халықаралық үстел теннисі федерациясының (ITTF) жаңартқан рейтингінде V орынға көтерілді.

Жас теннисші соңғы рет Португалияның Вила-Реал қаласында өткен «WTT Youth Contender» турнирінде 17 жастағы спортшылар арасындағы бәсекеде және 19 жасар спортшылар арасындағы додада алтын медаль жеңіп алған еді. Осы жетістігінен кейін жас спортшының рейтингтегі орны айтарлықтай өзгерді. Бұған дейін Алан 17 жасқа дейінгі спортшылар арасында – X орында болса, ал, 19 жасқа дейінгілер арасындағы рейтингте – XXII орында тұрған. Қазір 17 жасқа дейінгі спортшылар арасында – V орынға, 19 жасқа дейінгілер арасында – XII орынға көтерілді. Бұл – ауыз толтырып айтар жаңалық.



СПАРТАКИАДА

Мейрам

қарсаңындағы дода

Қ.Нұржанов атындағы жеңілдетілген спорт мектептерінің қызметкерлері арасында Наурыз мейрамына арналған II спартакиада жалауын көтерді.

Жарысқа облысымыздың қалалық және аудандық 31 спорт мектебінен 350-ден астам қызметкер қатысуда.

Алдымен турнирдің ашылу салтанаты өтіп, одан кейін бадминтон, асық ату, үстел теннисі, дартс, волейбол, арқан тарту сияқты жарыстарға ұласты.

ФУТБОЛ

«Шахтер» тағы

шаң қапты

Футболдан ел чемпионатының жаңа маусымы басталды. Алайда, қарағандылық «Шахтер» клубы бұл жолы да мардымды ойын көрсете алмады. Кеншілер командасы III турда сырт алаңда «Тобыл» клубымен кездесіп, 2:1 есебімен жеңіліп қалды.

Жерлестер бұған дейін «Астана» (2:1) және «Ордабасы» (1:4) клубымен кездесіп, жеңісті жұлпып ала алмады. Бұл жолы тобылдықтардан да жеңіліп қалды.

Алаң иелері 20-шы минутта есеп ашты. Гол авторы – Игорь Сергеев. Тобылдық шабуылышы 57-ші минутта екінші голды салып, қос голдың авторы атанды. Жерлестер, тек ойынның соңғы минутында есеп алаштығын қысқартты. Гол авторы – Айдос Тәттібаев. Қатарынан үш ойын жеңілген қарағандылықтар турнир кестесінде – XII орынға табан тіреді. Ал, көш басында 9 ұпаймен – «Ақтөбе» клубы. Одан кейінгі сатыда «Ордабасы» мен «Тобыл» клубы өкше басып келеді. Қос команданың қоржынында – 9 ұпайдан. Қарағандылық клубтың бас бапкері Игорь Солошенко кешегі ойын жөнінде өз пікірін білдірді.

– Өкінішке қарай, матч барысында команда тарапынан көп қателіктер болды. Олардың әр жіберген қателігі голға айналды. Ал, содан кейін жігіттер ойынға қайта кіре алмады. Біз осы уақытқа дейін қарсыластар «допты алаңның ортасында көбірек ұстайды» деп болжадық. Әрі солардың шабуылына қарсы арнайы жаттығуларды өткізіп, дайындалдық. Алайда, қателіктің бәрі өзімізден болды, – дейді бас бапкер.

Дайындаған Жан АМАНТАЙ, «Ortalyq Qazaqstan»